



«ЖАҢА
ӘЗЕРБАЙЖАН»
партиясына бәсеке
күш бар ма?

3

ҮКІМЕТ



СУ ТАСҚЫНЫ
ҚАТЕЛІКТІ
КЕШІРМЕЙДІ

7

АТОМ ЭНЕРГЕТИКАСЫ



ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-
ЗОМБЫЛЫҚ
неге тыйылмай тұр?

11

ДӘСТҮР

Қаладағы Қабылдау үйінде республикалық конкурстың қалалық кезеңінде үздік атанғандар салтанатты түрде марапатталды. Алматының үлгілі отбасын анықтайтын дода жыл сайынғы дәстүр бойынша биыл да 15 мамыр – Отбасы күніне орай басталған еді.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Ұлттық байқауға қатысуға өтінімдер мамыр-шілде айларында қабылданған. Биыл 235 отбасы қатысуға ниет білдірген. Алдымен аудандық іріктеу кезеңі өтіп, қалалық кезеңге 16 әулет жолдама алды. Қалалық комиссияның шешімімен әр ауданнан бір отбасы жүлдегер атанды. Солардың арасынан бір әулеттің мерейі үстем болды. Мерейлі отбасыға 800 мың теңге, ауданаралық кезеңде үздік атанған 7 отбасыға 400 мың теңге ақшалай сый берілді.

Мерейлі отбасы атанып, республикалық кезеңге жолдама алған – Медеу ауданының атынан қатысқан Қапышевтер отбасы. Мұрат Саданұлы мен Мензипа Кәрімқызы – үш балалы ата-ана. Үш баласы да ата жолын жалғастырып келеді. Бұл әулетте үш ұрпақ теміржол саласында еңбек етіп келе жатыр.

«Бүгін біз «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының қорытындысын шығарып, жеңімпаздарын марапаттадық. Бұл байқау 2014 жылдан бері өткізіліп келеді. Отбасы институтын насихаттап, еліміздегі өнегелі отбасыларды танытуда өте маңызды байқау. Қаламызда мамыр айында басталып, көптеген отбасы байқауға қатысуға ниет білдірді. Барлығы 235 отбасы өтінім беріп, әр ауданның үздік жанұясы анықталды.

«Отан – отбасынан басталады» деген сөз бар. Сондықтан осындай отбасыларды көпшілікке насихаттау – баршамыздың міндетіміз. Жыл сайын байқауға қызығушылық танытып отырғандардың қатары артып келеді», – дейді Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының басшысы Айдар Есенбеков.

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҢАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №59 (6510) 26 шілде, жұма, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz



САРАПТАМА

КЕНЖЕ АУДАНЫНЫҢ КЕЛЕШЕГІ ЗОР

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев
Наурызбай ауданының тұрғындарымен кездесті



Шаһар басшысы Ерболат Досаевтың қала тұрғындарымен кезекті кездесуі Наурызбай ауданында өтті. Ауданның экономикалық-әлеуметтік әлеуетін саралап, алматылықтардың ұсыныстары мен толғандырған сұрақтарына жауап берді. Наурызбай ауданының тұрғындары қала әкімінің алдында су, жол құрылысы, жер, т.б. әлеуметтік мәселелерді көтерді.

2

«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ»

Алматыда ұлттық байқаудың
жеңімпаздары анықталды



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мұрат ҚАПЫШЕВ, «Мерейлі отбасы» байқауының жеңімпазы:

– Ұлттық жобаны теледидардан көрсетіп, ылғи айтып жатады. Биыл осы байқаудың ұйымдастырылғанына 10 жыл болыпты. «Өтінімдер қабылдап жатыр» дегенді естіп, қатысуға ниет білдірдік.

Біз теміржол саласында үш ұрпақ жұмыс істейміз. Менің әкем теміржолшы болған. Ол 1932 жылы осы салаға келіп, 1968 жылы зейнетке шықты. Әкем мен анам 8 бала тәрбиелеп, өсірген. Олардың барлығы әке жолын қуып, теміржол саласында қызмет еттік. Менің 3 балам бар. Олардың үшеуі де теміржолда қызмет етеді. Жолдасым медицина мамандығын тәмамдаған. Бірақ теміржол саласында қызмет етті. Бұл жолғы сайыс өте жақсы өтті. Ұйымдастырушыларға алғысымды айтамын!

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

26.07.2024

Түнде:



+22+24 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+35+37 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

27.07.2024

Түнде:



+22+24 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+36+38 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

www.almaty-akshamy.kz



КЕНЖЕ АУДАНЫНЫҢ КЕЛЕШЕГІ ЗОР



(Басы 1-бетте)

Кездесуде қала әкімі Ерболат Досаев жаңа ауданның бюджеті ұлғайғанын мәлімдеді. Бірінші жартыжылдықта 100 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Биыл ауданның бюджеті 4 млрд теңгеге өсіп, 18 млрд теңгеге жетті. Маусым айында аудан бюджеті тағы 5 млрд теңгеге өсіп, 23 млрд теңге болды.

Сондай-ақ, Алматы қаласының әкімі биыл құрылғанына 10 жыл болған аудан тұрғындарының әлеуметтік және инфрақұрылымдық мәселесін шешуге қаржы жұмсалатынын айтты. Мәселен, жұмыс істеп тұрған бизнес субъектілерінің саны 15%-ға өсіп, 22 396-ға жетті. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда салық түсімін 60%-ға арттырып, 25 млрд теңгеге дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді. 1800 жаңа тұрақты жұмыс орны құрылды.

Осы жылдың 6 айында Наурызбай ауданында 100 мың шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілді, бұл 2023 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 23%-ға артық.

Ерболат Досаев кездесу барысында аудан халқын тұрақты сумен қамту және кәріз жүйесімен қамтамасыз ету – басым бағыттардың бірі екенін атады.

Қалаға қосылған біраз аумақта саяжай мен бау-бақша серіктестіктері орналасқан. Бір кездері мұнда жыл бойы пайдалануға арналмаған желілер салынды. Соның нәтижесінде шағынаудандардың тұрғындарын сумен қамтуда қиындық туындады. Биыл шілдеде аудан әкімдігі «Ақжар» және «Қарағайлы» ықшамауданында 90 км сумен қамту және су бұру желілерін салу жұмыстарын бастады. Оған 3,5 млрд теңге бөлінді. Жұмысты 2025 жылдың қазан айына дейін аяқтау жоспарланған.

Электр желісін жаңғырту жұмыстары жүргізілуде

Қазіргі таңда ауданның электр желілерінің 85%-ы толығымен тозған, сондықтан жарық жиі өшеді. Ауданды тұрақты электрмен қамтамасыз ету үшін 2021 жылдың қыркүйегінде мердігер ұйым «Ақжар», «Қарағайлы», «Құрамыс», «Рахат», «Таусамалы» және «Шұғыла» ықшамаудандарында электр желілерін жаңартуды бастады. Алайда, сол жылдың қараша айында жобаның қымбаттауына байланысты жоба тоқтатылды. 2023 жылдың маусымында түзетулерден кейін жұмыс қайта жанданды. Жоба аясында жоспарланған 1231 тіректің 854-і орнатылып, 11,2 км электр желілері жаңғыртылды. Қосымша 26 трансформаторлық қосалқы станция орнатылады. Жұмысты биыл қыркүйек

айының соңына дейін аяқтау жоспарланған. Соның нәтижесінде желілердің тозуы 30% азаяды.

«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ желісі бойынша 17 трансформаторлық қосалқы станция мен 98 км электр желісіне күрделі жөндеу жүргізілді. Жыл соңына дейін тағы 54 трансформаторлық қосалқы станция мен 150 км электр желісі жөнделеді.

50 мың шаршы метр жол жөнделді

Қала әкімі биыл ауданның 110 көшесіндегі 50 мың шаршы метр жол жөнделгенін хабарлады. Қараша айының соңына дейін 150 көшеде тағы 20 мың шаршы метр жолды жөндеу жоспарлануда.

«Бүгінде 8 көшеде 5 км жолға орташа жөндеу жүргізілді, қараша айының соңына дейін ұзындығы 13 км болатын тағы 22 көше жөнделеді. Қазан айының соңында «Ақжар» ықшамауданындағы 6 көше бойынша 2 км жол құрылысын аяқтау жоспарлануда», – деді Ерболат Досаев.

Ауданда магистральдық көшелерді ұзарту жалғасуда. Қараша айының соңына дейін Абай даңғылын Строительная көшесінен қала шекарасына дейін ұзарту жоспарлануда. Төле би көшесін ұзарту үшін 270 жер учаскесі алынуы тиіс, 170 жер учаскесі сатып алынды, қалған учаскелер жыл соңына дейін сатып алынады. Жұбанов көшесін ұзарту үшін 346 жер учаскесі алынады.

Кездесуде жыл басынан бері 150 автобус жаңартылғаны айтылды. Тұрғындардың жайлылығы үшін 12 жаңа аялдама павильоны орнатылды, ал жыл соңына дейін бұрын болмаған тағы 5 аялдама орнату жоспарлануда.

Бес жаңа мектеп салынады

Қыркүйек айында Алматыда 1200 орынды жаңа мектеп ашылады.

Жыл соңына дейін Алматының Наурызбай ауданында 5 жаңа мектеп салынады. Олардың бірі – 1200 орынды мектеп осы қыркүйекте ашылады. Нысан «Алем Сити» ТК жанында орналасқан.

Жалпы сыйымдылығы 6700 орынды қалған төрт мектеп осы жылдың соңына дейін салынады. 2025 жылдың ақпан айында «Шұғыла» ы/а №174 мектепке 375 оқушы орынды қосымша құрылысты аяқтау жоспарлануда.

Сонымен қатар, «Мектеп автобусы» жобасы аясында 2023 жылдан бастап Наурызбай ауданының 2800 оқушысына оқу орнына жету қиын болған 7 мектепке 33 автобус бөлінді. Жаңа оқу жылынан бастап 3200 оқушыны 42 автобус тасиды. Ауданда барлығы 29 мектеп бар, онда 29 858 оқушы оқиды. Бүгінгі таңда 3626 оқушыға орын тапшы.

Ауданда барлығы 7296 баланы қамтитын 139 балабақша бар.

Екі жаңа емхана

«Құрамыс» және «Шұғыла» ы/а-да екі жаңа емхана салу жоспарлануда. Әрбір медициналық мекеме 500 келушіге арналған. Жобалардың жалпы құны – 16,5 млрд теңге. Сондай-ақ, «Ақжар» ы/а 200 келушіге арналған дәрігерлік амбулатория салу жоспарланған.

10 жылда алғаш рет денешынықтыру-сауықтыру кешені салынады. Спорттық кешен «Шұғыла» ықшамауданында салынады. Құрылысы 2025 жылдың I тоқсанында басталады. Онда бассейн, әртүрлі спорт түрлері бойынша спорт секцияларына арналған залдар: ойын түрлері, жекпе-жек, бокс, күрес қарастырылады.

Қарғалы өзенінің жағалауын абаттандыру жыл соңына дейін аяқталады. Абаттандыру селден қорғау бөгетінен Жандосов көшесіне дейінгі ұзындығы 7,7 км учаскені қамтиды. Жұмыстар аясында өзен арнасын тазалау, жаяу жүргіншілер аймағын жайластыру, сыртқы жарықтандыру желілерін орнату, суару жүйесін салу, 6 көпір өткелі, балалар ойын және спорт алаңдары, көше жиназдарын орнату көзделген. Сондай-ақ, 3 мың жапырақты және қылқан жапырақты ағаштар отырғызылады.

«Халық қатысатын бюджет»: Жаяу жүргіншілер аймағы

«Шұғыла» ықшамаудан тұрғындарының өтініштері бойынша балалар және спорт алаңдары бар ұзындығы 350 м жаяу жүргіншілер аймағы жабдықталады. Жұмыстар осы жылдың қараша айының соңына дейін аяқталады. Жаңа демалыс аймағы «Шұғыла» шағынаудан тұрғындарын қамтамасыз етеді әрі демалуға және жайлы серуендеуге қолайлы жағдай жасайды.

«Халық қатысатын бюджет» аясында Наурызбай ауданында жалпы сомасы 2,5 млрд теңгеге 40 жоба іске асырылатын болады. Бұл қоғамдық кеңістіктерді, тротуарларды жайластыру, жарықтандыру желілерін қалпына келтіру, автоматтандырылған суару жүйесі, көгалдандыру жобалары. Сонымен қатар, осы жылдың қараша айына дейін 16 аула аумағы жөнделеді. Осы мақсаттарға қосымша 380 млн теңге бөлінді.

ТҮЙІН: Кездесу екі сағаттан астам уақытқа созылды. Шаһар басшысы тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтардың ешқайсысын жауапсыз қалдырмады. Аудан тұрғындарын мазалаған мәселелерді тыңдап, жауапты мамандарға тиісті тапсырмалар жүктеді.



Ауданның батыс бөлігінің

150 мың тұрғынын және Алматы облысының екі ауылын сумен қамтитын «Ақсай» су жинағышының құрылысы жүріп жатыр. Жобаны 2025 жылдың қараша айында аяқтау жоспарланған, қазіргі уақытта жұмыстың 55%-ы аяқталды.



Жыл соңына дейін тағы

54 трансформаторлық қосалқы станция мен **150** км электр желісі жөнделеді.



Жаңа оқу жылынан бастап 3200 оқушыны

42 автобус тасиды.



Осы жылдың қараша айына дейін

16 аула аумағы жөнделеді.



Жыл басынан бері

150 автобус жаңарды.



СЫРТҚЫ САЯСАТ

Парламент сайлауы:

«ЖАҢА ӘЗЕРБАЙЖАН»

партиясына бәсеке күш бар ма?

28 маусымда Эзербайжан президенті Ильхам Әлиев кезектен тыс парламент сайлауын өткізу туралы жарлыққа қол қойды. Жарлыққа сәйкес сайлау 1 қыркүйекте өтеді. Бұл Ұлттық Мәжіліс тарихындағы екінші кезектен тыс сайлау. Бұған дейін 2020 жылы мерзімінен бұрын өткен еді. Биыл мұндай саяси қадам жасауға қараша айында Эзербайжанда ұйымдастырылатын халықаралық іс-шаралар себеп болды. Билеуші партия «Жаңа Эзербайжан» басшылығы осындай мәлімдеме жасаған. Алайда, мұндай шешім қабылдаудың өзге де саяси астары болуы мүмкін.

ЕКІНШІ НАУҚАН

Биыл Эзербайжанда екі сайлау науқаны ұйымдастырылуда. 7 ақпанда халық мемлекет басшысын таңдады. Сайлауда айқын басымдықпен Ильхам Әлиев жеңіске жетті. Ол билеуші партия «Жаңа Эзербайжан» атынан үміткер атанып, электораттың 92%-дан астам дауысына ие болды.

Енді 1 қыркүйекте «Ұлттық Мәжіліс» сайлауы өтпек. 20 маусымда билеуші партия «Жаңа Эзербайжан» парламентті тарату туралы шешім қабылдады. Одан кейін депутаттар Ильхам Әлиевке ресми хат жолдап, кезектен тыс сайлауды өткізу мерзімін белгілеуді сұраған. Президент жарлығына сәйкес сайлау 1 қыркүйекке белгіленді. Осылайша парламенттің VI шақырылымы өз жұмысын тоқтатты.

Бұл электоралды циклдің мынадай ерекшеліктері бар:

- Екі сайлау науқаны мерзімін бұрын өткізілуде. Себебі, президент секілді, парламенттің де өкілеттігі 2025 жылы аяқталуы керек еді. Тәуелсіздік алғалы бері президент сайлауы қатарынан

екінші рет мерзімінен бұрын өтті. Бұған дейін 2018 жылы халық таңдау жасаған болатын. Парламент сайлауы да екінші рет кезектен тыс өтетінін айта кеткен жөн.

- Сайлаулар Эзербайжанның аумақтық тұтастығы мәселесі шешілгесін ұйымдастырылды. 2023 жылы 20 қыркүйекте Эзербайжан аумақтық тұтастық мәселесін шешті. 2020 жылғы 44 күндік әскери қақтығыстан соң Таулы Қарабақ қайтарылды.

- Басты мақсат – биліктің легитимділігін қамтамасыз ету. 2018 жылғы сайлау, 2020 жылғы әскери жетістік Ильхам Әлиевтің халық алдындағы саяси беделін арттырды. Алайда, Таулы Қарабақты қайтару әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешпейді. Сондықтан қазіргі режим саяси жүйені жаңартып, биліктің легитимділігін арттыруды көздеп, мерзімінен сайлау өткізді.

БІРПАЛАТАЛЫ
ПАРЛАМЕНТ

Эзербайжанның конституциясы 1995 жылы 12 қарашада қабылданған. Оған сәйкес заң шығару-



(Дереккөз: report.az).

шы орган – Ұлттық Мәжіліс. Ол 125 депутаттан тұратын бірпалаталы билік тармағы. Қазақстаннан ерекшелігі де осында. Елімізде қоспалаталы парламент жұмыс істейді. Депутаттар мажоритарлы сайлау жүйесі арқылы 5 жылға сайланады. Ал Қазақстанда аралас сайлау жүйесі арқылы сайланады.

КІМ ДЕПУТАТ БОЛА
АЛМАЙДЫ?

- қос азаматтығы және өзге мемлекеттер алдында міндеттемелері барлар;
- атқарушы немесе сот билігі жүйесінде жұмыс істейтіндер;
- ғылыми, педагогикалық және шығармашылық қызметпен айналысатындар;

- діни қайраткерлер, сот іс-әрекетке қабілетсіздігін таныған, ауыр қылмыстары үшін сотталған адамдар;

- заңды күшіне енген сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жүргендер.

Ұлттық Мәжілістің өкілеттіктеріне талдау жасасақ, мемлекеттің президенттік басқару нысанында екеніне көзіміз жетеді. Мемлекет басшысы ретінде президент елдің ішкі және сыртқы саясатын айқындайды. Сондай-ақ, елдің аумақтық тұтастығының, сот билігінің тәуелсіздігінің кепілі. Қала берді, 1995 жылдан бері Ильхам Әлиевтің партиясы билеуші күшке айналған.

БИЛЕУШІ ПАРТИЯ –
АЙҚЫН КӨШБАСШЫ

Ұлттық Мәжіліс 1995 жылы Жоғарғы Кеңестің орнына құрылған. Бүгінге дейін 6 рет (1995-1996, 2000-2001, 2005-2006, 2010, 2015, 2020 жылдары) парламент сайлауы өтті. Биыл жетінші рет өтпек. Барлық сайлауда «Жаңа Эзербайжан» партиясы жеңіске жеткен. Әр сайлауда мандат санын арттырып, 2020 жылы 125 орынның 72-сін жеңді.

Сайлау жылдары	Жеңген мандат саны
1995	53
2000	78
2005	63
2010	71
2015	71
2020	72

Алдағы сайлауда «Жаңа Эзербайжан» партиясының жеңіске жететініне ешкім күмән келтіре алмайды. Оған бірнеше себеп бар:

- Партия лидері, президент Ильхам Әлиевтің рейтингі жоғары. Себебі, тарихи әділдікті қалпына келтірді.

- Билеуші партияға бәсеке болатын саяси күш жоқ. Мысалы, 2020 жылғы сайлауда екінші орын алған «Азаматтық ниеттілік» партия бар болғаны 3 мандатты жеңген.

- «Жаңа Эзербайжанды» ешқандай партияда жоқ депутаттар да қолдайды. 2020 жылғы сайлауда партиясыз депутаттар 24%-дан астам дауыс жинап, 43 мандатқа ие болған.

Орталық Азия:

МИРЗИЁЕВ ПЕН ЖАПАРОВ

аймақтық байланысты нығайтпақ

18-19 шілдеде Қырғызстан президенті Садыр Жапаров Өзбекстанға мемлекеттік сапармен барды. Оны көрші елдің басшысы Шавкат Мирзиёев шақырған еді. Кездесу соңында екіжақты 16 құжатқа қол қойылды. Басты мақсат – алдағы жылдары тауар айналымын 2 млрд АҚШ долларына жеткізу. Алайда, кездесудің саяси астары мұнымен шектелмейді. Себебі, 6 тамызда Астанада Орталық Азия Мемлекет басшылары Консультативтік кездесуі өтеді.

Сауда-экономикалық
байланыс нығая бермек

Садыр Жапаров президент лауазымына кіріскен соң көрші елдермен стратегиялық қарым-қатынасты нығайтуға көшті. Алғашқы мемлекеттік сапарлары Ресей, Қазақстан және Өзбекстаннан басталды. 2021 жылдың 11-12 наурызында Өзбекстанға барып, екіжақты кездесулер өткізді. Кездесу бірнеше маңызды құжаттарға қол қоюмен аяқталды. Олардың ішінде 1996, 2017 жылдардағы мемлекет басшылары қол қойған екіжақты ынтымақтастықты жалғастыру, Өзбекстан тарапының 2021 жылы 10 қаңтарда өткен сайлау қорытындыларын мойындау, Орталық Азия аймағының қауіпсіздігі мен бірлігін нығайту, Инвестициялық қор құру сияқты құжаттарды атап өтуге болады.

Шавкат Мирзиёев пен Садыр Жапаров арасындағы алғашқы кездесудегі уағдаласқан жоспарлар ары қарай да жүзеге асады. Бұл туралы 18-19 шілдеде өткен Садыр Жапаровтың Өзбекстанға мемлекеттік сапары барысында айтылды. Басты мақсат – екіжақты тауар айналымының көлемін 2 млрд АҚШ долларына жеткізу. Бұл туралы екі

мемлекет басшылары 2021 жылы уағдаласқан еді. Соңғы 4 жылда бұл бағытта оң өзгеріс байқалады. Мысалы, былтыр тауар айналымы 1 млрд 260 млн АҚШ долларына жетсе, 2021 жылы бұл көрсеткіш 953,6 млн болған.

Дегенмен, Қырғызстан Өзбекстанның негізгі сауда серіктесі емес екенін ескерген жөн. Президент жанындағы статистика агенттігінің мәліметіне сүйенсек, биыл қаңтар-маусым аралығында тауар айналымы 381,8 млн АҚШ долларын құраған. Сонымен қатар, теріс сальдо тіркелген. Яғни Қырғызстанның импорты (270,4) экспортынан (111,4) көп.

Алайда, тауар айналымының көлемін арттыруға мүмкіндік көп. Оған екі тарап та мүдделі. Екі елдің бизнес өкілдері президенттер кездескенге дейін бас қосқан. Сауда-экономикалық байланысты нығайту мақсатында көлік-логистиканы дамытуды көздеп отыр. Осы орайда қос тарап Қытай – Қырғызстан – Өзбекстан теміржолы құрылысын бастауға мүдделі екенін мәлімдеді.

Сонымен қатар, энергетикалық сала да тыс қалмады. Жалпы, Орталық Азия аймағында энергетика-



(Дереккөз: president.uz).

лық тапшылық негізгі мәселе. Әсіресе, Қырғызстанда бұл мәселе өте өзекті. Осы орайда Садыр Жапаров Қамбарата ГЭС-1 құрылысын жүзеге асырмақ. Биыл сәуір айында Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан елдері министрлері Нарын өзенінде су электр станциясын салу туралы жол картасына қол қойған болатын. Садыр Жапаровтың Өзбекстанға сапары барысында осы жобаны жүзеге асыруға екі ел басшылары тағы да уағдаласты.

Қандай құжаттарға қол
қойылды?

Бұл сұраққа жауап беру үшін екі ел басшыларының ресми сайттарына көз жүгірттік. Алайда, 16 құжаттың тізімі ешбір сайтта толық көрсетілмеген. Себебі, кейбірі мемлекетаралық құпия болуы мүмкін. Ашық ақпаратқа сүйенсек, мына құжаттар маңызды:

- «2017 жылғы 5 қыркүйектегі Қырғыз Республикасы Бішкек қаласының мэриясы мен Өзбекстан Республикасының Ташкент қаласының хокимияты арасындағы 2024–2026 жылдарға арналған сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастық туралы келісімді іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары». Бұл алдағы 3 жылда екі ел астаналары арасында сауда-экономикалық байланыс нығая түсетінін білдіреді.

- «Өзбекстан Республикасының Инвестициялар, өнеркәсіп және сауда министрлігі мен Қырғыз Республикасының Экономика және коммерция министрлігі арасындағы Өзбекстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы өзара сауда көлемін ұлғайту жөніндегі 2024–2030 жылдарға арналған іс-шаралар

жоспары». Бұл құжаттан алдағы 6-7 жыл ішінде тауар айналымын 2 млрд АҚШ долларына жеткізуді жоспарлап отырғанын білуге болады.

Алда – маңызды
кездесу

Биыл 6 тамызда Астанада Орталық Азия елдері Мемлекет басшыларының Консультативтік кездесуі өтуі жоспарланған. Садыр Жапаровтың Өзбекстанға мемлекеттік сапары барысында аймақтық кездесу жайлы да айтылғаны сөзсіз. Себебі, Садыр Жапаров пен Шавкат Мирзиёев бірлескен мәлімдемеде БҰҰ, ШЫҰ, Түркі мемлекеттері ұйымы, Орталық Азия Мемлекет басшылары Консультативтік кездесуі және өзге де сыртқы көпжақты әлемдік және аймақтық ұйымдар аясында ынтымақтастықты дамыта беретінін негіздеген.

Биыл Астанада өтетін кездесу 6-шы рет ұйымдастырылмақ. Былтыр 5-ші кездесу Тәжікстан астанасы Душанбеде өткен еді. Алғашқы саммит 2018 жылы дәл осы Астанада өткен еді. Биыл Қазақстан төраға болды. Келесі төраға Өзбекстан болмақ. Былғы кездесуде аймақтық және әлемдік мәселелер талқыланады деп күтілуде.

Бетгі
әзірлеген
Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





ОТАНДАСТАР

10 МЫҢНАН АСТАМ ЭТНИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ

қандас мәртебесін жаңа шарттар бойынша алды

2023 жылғы шілдеден бастап Қазақстанда «Халықтың көші-қоны туралы» Заңды іске асыру аясында қандас мәртебесін берудің бес негізгі шартын қамтитын жаңа тәсілдер енгізілді.

Оларды іске асыру шеңберінде өткен кезеңде қандас мәртебесі 10 563 этникалық қазаққа берілді, деп хабарлайды ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.



Қандас мәртебесі мына шарттарды ескере отырып:

- қоныс аударушылар мен қандастарды қабылдаудың өңірлік квоталары шеңберінде ҚР Үкіметі айқындаған өңірлерге (еңбек тапшылығы бар өңірлер) қоныстандыру үшін;
- демографиялық дамуға қажеттілігі бар даму әлеуеті бар агломерациялар мен ауылдық елдімекендердің, шағын және моноқалалардың, аудандық және облыстық маңызы бар қалалардың аумақтарында қоныстандыру үшін;
- тұрғын үй мәселелерін өз бетінше шешу мүмкіндігімен (немесе егер өтініш беруші тұрғын үй иесі болып табылмаса, оның тұруына туыстарының нотариат куәландырған келісімін берумен) өтініш берушінің өтініш беру өңірінің аумағында тұрақты тұратын Қазақстан азаматтары болып табылатын отбасымен және/немесе жақын туыстарымен (туыстығын растай отырып) қайта қосылуы үшін;
- жұмыс берушілердің шақыруы бойынша бос жұмыс орнына жұмысқа орналасу үшін (алдын ала еңбек шартын қоса бере отырып) не тұрғын үй мәселелерін өз бетінше шешу мүмкіндігі бар этникалық қазақтар қатарындағы дара кәсіпкерлер үшін;
- Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында оқитын этникалық қазақтар үшін (оқу орнынан анықтаманы қоса берген кезде) беріледі.

Жаңа тәсілдер іске асырылған сәттен бастап, еңбек тапшылығы бар өңірлерге қоныстану үшін 3296 этникалық қазақ (1374 отбасы); агломерациялар аумақтарында және ауылдық елдімекендерде қоныстандыру үшін – 948 адам (475 отбасы); отбасымен және/немесе жақын туыстарымен қауышу үшін – 5655 адам (2843 отбасы); бос жұмыс орнына жұмысқа орналасу үшін жұмыс берушілердің шақыруы бойынша орын – 593 адам (295 отбасы); жоғары оқу орындарының студенттері ретінде – 71 адам (69 отбасы) қандас мәртебесін алды.

Этникалық қазақтардың тарихи отанына оралуын ынталандыру жөніндегі мемлекеттік саясат еліміз тәуелсіздік алған сәттен бастап іске асырылуда. Осы жылдар ішінде Қазақстанға 1 млн 137,1 мыңнан астам адам оралып, қандас мәртебесін алды.



«АТА ЖОЛЫ» КАРТАСЫ

басқа елдерден келген этникалық қазақтарға беріледі

Бизнес-иммигранттар және сұранысқа ие мамандар болып табылатын басқа елдің азаматтарына – этникалық қазақтарға Қазақстанда 10 жыл өмір сүруге және жұмыс істеуге құқық беретін 55 «Ата жолы» картасы берілді, деп хабарлайды ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2023 жылдың шілдесінен бастап шетелде тұратын этникалық қазақтар үшін елге жеңіл кіру/шығу мәселесі пысықталған «Ата жолы» картасы енгізілгені белгілі.

Содан бері жергілікті атқарушы органдарға «Ата жолы» картасын алуға барлығы 75 өтінім түскен. 2023 жылы 44 карта: бизнес-иммигранттарға 20 карта және сұранысқа ие мамандарға 24 карта берілді. Биыл 11 карта берілді: бизнесмендерге 5 және сұранысқа ие мамандарға 6 карта.

«Ата жолы» картасын алғандардың арасында инженер-физик, инженер-математик, химиялық технологтар, жақ-бет хирургиясы дәрігерлері, педиатрлар және т.б. сияқты мамандар бар, олар Ресей, Қытай, Ауғанстан, Моңғолия, АҚШ, Австрия, Израиль, Германия, Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан, Нидерланд, Финляндия, Франция және Түркіменстан елдерінен 15 елден келді.

«Ата жолы» картасын енгізудің мақсаты – тарихи отанмен байланысты нығайту, ұлттық дәстүрлерді сақтау, Қазақстанда олардың әлеуетін іске асыру үшін елге кәсіпқойлар мен табысты бизнесмендерді тарту болып табылады. Карта шетелде тұратын этникалық қазақтарға азаматтығын сақтай отырып беріледі.

«Ата жолы» картасының иегерлері елге кірген кезде 10 жыл

КЕРЕК ДЕРЕК

- 2024 жылдың 1 шілдедегі жағдай бойынша 8758 этникалық қазақ тарихи отанымен табысып, қандас мәртебесін алды. Жалпы 1991 жылдан бері республикаға 1 млн 137,1 мың этникалық қазақ оралды.
- Жыл басынан Қазақстанға келген қандастардың жарымы Қытайдан, (49,5%), Өзбекстаннан (34,7%), Түркіменстаннан (5,9%), Моңғолиядан (5,3%), Ресейден (3,3%) және басқа елдерден (1,3%) .
- Биылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша еңбекке қабілетті жастағы этникалық қоныс аударушылар 59%-ды, еңбекке қабілетті жастаң кіші 31,1%-ды және зейнеткерлер 9,9%-ды құрайды.
- Еңбекке қабілетті жастағы қандастардың ішінен білім деңгейі бойынша 17%-ы – жоғары білімді, 23,2%-ы – орта кәсіби білімді, 55,2%-ы – жалпы орта білімді, және 4,6%-ында білім жоқ.
- Қоныс аударған этникалық қазақтарды қоныстандыру үшін келесідей еңбек күші тапшы өңірлер белгіленген: Ақмола, Абай, Қостанай, Павлодар, Шығыс және Солтүстік Қазақстан облыстары. Бұл өңірлерде қоныстанған қандастарға көшуге субсидия түрінде мемлекеттік қолдау шаралары ұсынылады – бір мезгілде отағасына және отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК (258,4 мың теңге) мөлшерінде; тұрғын үй жалдауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге – бір жыл ішінде 15-тен 30 АЕК (55,3-ден 110,7 мың теңгеге дейін) мөлшерінде.
- Қоныстандыру өңірлерінде 2024 жылға арналған қандастарды қабылдау квотасы 2433 адамды құрайды. 2024 жылғы 1 шілдеге жағдай бойынша қоныстандыру өңірлеріне 1891 қандас қоныс аударды.
- Жыл басынан бері 1579 қандасқа түрлі қолдау шаралары көрсетілді. Атап айтқанда, 456 адам тұрақты жұмысқа орналастырылды.
- Ерікті қоныс аударудың тиімділігін арттыру мақсатында азаматтарды солтүстік өңірлерге қоныс аударуға қатысатын жұмыс берушілерді қолдау бойынша институционалдық шаралар қабылданды. Тұрғын үй сатып алу, салу үшін немесе ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу үшін экономикалық ұтқырлық сертификаты тұрғын үй құнының 50%-ы немесе бір отбасына 4,28 млн теңгеге дейін мөлшерінде біржолғы өтеусіз және қайтарымсыз негізде енгізілді.

мерзімге тұруға рұқсат алады және еңбек қызметін жүзеге асыру немесе бизнес жүргізу үшін қоныстану өңірін дербес таңдайды.

«Ата жолы» картасы бар этникалық қазақ басқа елдің азаматы бола отырып, Қазақстан азаматтарымен және қандастармен тең құқықтарға ие болады, бұл оның қандастан ерекшелігі.

«Ата жолы» картасының иегерлері (және олардың отбасы мүшелері) мынадай құқықтарға ие:

- медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық мекемелерде әлеуметтік төлемдер алу және қызмет көрсету;
- ҚР Еңбек кодексіне және «Халықтың көші-қоны туралы» ҚР Заңына сәйкес Қазақстан аумағында жұмысқа орналасу;
- ҚР Кәсіпкерлік кодексіне және өзге де құқықтық актілеріне сәйкес Қазақстан аумағында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру;
- «Білім туралы» ҚР заңына сәйкес мемлекеттік білім беру ұйымдарында тегін орта білім алу, мемлекеттік орта арнаулы және/немесе жоғары оқу орындарында конкурстық негізде тегін орта арнаулы және/немесе жоғары білім алу, жеке оқу орындарында ақылы білім алу;
- «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» ҚР заңына сәйкес мемлекет кепілдік берген заң көмегін алу;
- азаматтық саласындағы халықаралық шарттарға және ҚР заңнамалық құқықтық актілеріне сәйкес жеңілдетілген тәртіппен Қазақстан Республикасының азаматтығын алу.

«Ата жолы» картасы бар адамдардың сайлауға және ҚР Парламенті мен мәслихаттарына сайлануға, республикалық референдумға қатысуға құқығы жоқ және мемлекеттік қызметке кіре алмайды.

Егер «Ата жолы» картасының иесі Қазақстан азаматтығын алса, карта жарамсыз деп танылады.

ҚАЗАҚСТАНДА ҚАНША ШЕТЕЛ АЗАМАТЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?

2024 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жергілікті атқарушы органдардың рұқсатымен Қазақстан аумағында 14 049 шетел азаматы еңбек етеді.

Шетел жұмыс күшін (бұдан әрі – ШЖК) тартуға рұқсаттардың арасында мынадай санаттар бар: басшылар мен олардың орынбасарлары үшін 576 рұқсат (бірінші санат), құрылымдық бөлімшелердің басшылары үшін 2598 рұқсат (екінші санат). Тартылған ШЖК негізгі бөлігі үшінші (мамандар) және төртінші (білікті жұмысшылар) санаттарға жатады – тиісінше олар 5353 және 473 адам. Сондай-ақ маусымдық жұмыстарға 1899 адам, ал корпоративтік ауыстыру аясында 3150 адам тартылды.

Қазіргі уақытта Қазақстанда ШЖК пайдаланатын 1796 жұмыс беруші бар. Оларда 436,1 мыңнан астам Қазақстан азаматы жұмыс істейді, бұл қызметкерлердің жалпы санының 96,8%-ы.



Экономикалық қызмет түрлері бойынша ең көп жұмыс істейтіндер құрылыс саласында – 4397 адам, ауыл, орман және балық шаруашылығы – 1897 адам, әкімшілік және көмекші қызметтер – 1592, тау-кен өнеркәсібі және карьерлерді қазу – 1293 адам, өңдеу өнеркәсібі – 1252 адам.

Еңбек мигранттары келетін негізгі елдер: Қытай – 4123 адам, Өзбекстан – 1968 адам, Түркия – 1152 адам, Үндістан – 1114 адам.

Ішкі еңбек нарығын қорғау мақсатында ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жыл сайын республикаға шетел мамандарын тартуға квота белгілейді және бөледі. 2024 жылы жалпы квота республикадағы жұмыс күшінің санына қатысты 0,23% немесе 22 мың бірлік мөлшерінде белгіленді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: ҚР ЕХӘКМ Баспасөз орталығы)



«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

ӨМІР СҮРУГЕ ЖАЙЛЫ ҚАЛА

Алматыда көріктендірудің жаңа ережесі бекітілді

Күн өткен сайын құлшыра түскен қаланың жағдайы ескерілген құжатта құрылыс жұмыстарын жүргізу, аумақты жинау және абаттандыру кезінде тазалық сақтау мен күтіп ұстаудың негізгі аспектілері көрсетілген.



Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Құрылыс алаңдарына
қойылатын талаптар

Атап айтқанда, пункттің бірі балалар мен спорт алаңын күтіп ұстауға қатысты. Алматының коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасының басшысы Дулат Әшкеновтың айтуынша, алаңды тиісті техникалық жағдайда ұстау және қыс мезгілінде қардан үнемі тазалау бойынша талап енгізілген. Алаңдағы қоршаулар мен құрылыс жылына кемінде бір рет сырлануы керек.

«Балалар мен спорт алаңының иесі қауіпсіздікті және тұрақты түрде күтіп ұстауды қамтамасыз етуге тиіс. Қауіпсіздік мақсатында нысандарды транзиттік жаяу жүргіншілер қозғалысынан, өтпелерден, бұрылыс алаңдарынан, қонақ тұрақтарынан және қоқыс алаңдарынан оқшаулау қажет. Балалар алаңына кіреберісті жол мен көше жақтан ұйымдастыруға тыйым салынады», – деді Д.Әшкенов.

Ойын алаңдарын жаңарту кезінде жарақаттанбас үшін алаңның аумағында тамырлардың шығып тұрғанын немесе төмен бұтақтардың, ескі, кесілген жабдық қалдығының, сондай-ақ темір бөгеттердің болмауына мән беріледі. Іргелес аумақтарды реконструкциялау кезінде балалар алаңдары жұмыс жүргізіліп жатқан жер мен құрылыс материалдарын сақтау орындары оқшауланады.

Автотұрақ аумақтары үшін
жаңа нормалар

Өздеріңізге мәлім, қалада автокөлікті қысқа және ұзақ мерзімге қою, көше бойында, «қалта» түріндегі жолдың жиегіне қою сынды автотұрақтың сан түрі бар.

Жалпы пайдаланымдағы жерлер мен аула аумағын жоспарлау кезінде көгалды автотұраққа айналдырмас үшін физикалық кедергілер орнату қажет. Бұған қоса, квартал мен аула ішіндегі жолға темірбетон блок, бағана, қоршау және басқа да құрылымды өз бетінше орнатуға тыйым салынады. Үй маңындағы аумақта автомобильдердің тротуарда, балалар алаңында, көгалда және контейнерлік алаңда тоқтауына және қоюына рұқсат жоқ. Бұзылып, жүрмей тұрған көлікті қоюға тыйым салынады.

Елдімекен аумақтарын көріктендірудің республикалық үлгілік қағидасына сәйкес әзірленген құжатта қалалардың қазіргі заманғы қажеттіліктері көрсетілген. Өзгерістің бірі құрылыс жұмыстарын жүргізу орындарын күтіп ұстау жөніндегі шараларды күшейту.

Алматының коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасының басшысы Дулат Әшкеновтың айтуынша, меншік иелері құрылыс алаңдарының қоршауының дұрыстығы мен тазалығын қамтамасыз етуге тиіс. Оларда бөтен жазулар мен суреттер, хабарландыру мен жарнама жазылған паракшалар болмауға тиіс. Сондай-ақ, жалпы қала жолы



ластанбас үшін құрылыс алаңдарында қатты жабыны бар кірме жолдар жабдыкталуы керек.

Құрылыс-жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін көріктендіру элементінің бұзылған тұтастығы мердігерлік ұйымның есебінен қалпына келтірілуге тиіс. Сондай-ақ, қоқысты тасымалдауға және сусымалы жүктерді брезентпен немесе басқа материалмен жаппай, ашық күйінде әкетуге тыйым салынады.

Бұған қоса, уақытша құрылысқа қойылатын талаптар нақтыланды, құрылыс орнын жинаған соң иесі бұрын алып жатқан жер учаскесін қалпына келтіруге және көріктендіруге міндеттеледі. Уақытша құрылыстың меншік иелеріне күнқар мен шатыр салуға, ыдыс пен тауарды негізгі емес нысанның жанына және оның шатырына жинауға тыйым салынады.

Сонымен қатар, уақытша құрылыс арасындағы өртке қарсы алшақтықты жабдыкпен немесе қалдықпен толтыруға болмайды.

«Бұл ереже «Таза Қазақстан» республикалық акциясын өткізу идеясына енгізілген қаланың қажеттілігін көрсетеді. Бұл мәдениетті арттыру, өзінің жеке учаскесін, үй маңындағы аумақты күтіп ұстау, сондай-ақ құрылыс жұмыстарын жүргізу. Ереже басшылық құжат ретінде қаласына, тұрып жатқан ауданға, шағынауданға, ортаға деген дұрыс көзқарас танытуға бағытталған», – дейді Дулат Әшкенов.

Бекітілген ережеге түсініктеме берген қалалық мәслихат депутаты Диана Ерлан қабылданған шаралар Алматыда өмір сүру сапасына оң әсер ететінін атап өтті.

«Көріктендірудің жаңа ережесі қаламыздың өзгелерге үлгі болуына көмектесетініне сенімдімін. Әрбір тұрғынның тазалық пен тәртіпті сақтаудағы рөлін түсінуі маңызды. Тек бірлескен күш-жігердің арқасында барлығына шынымен де қолайлы жағдай жасай аламыз», – деді ол.

Естеріңізге сала кетейік, 2024 жылғы 19 шілдеде VIII сайланған мәслихаттың кезектен тыс XXI сессиясында депутаттар Алматы қаласының аумағын көріктендірудің жаңа ережесін бекітті. Бұл шаралар қауіпсіз, ыңғайлы әрі экологиялық қолайлы қалалық орта құруға бағытталған.

ЖАРЫҚТАНДЫРУ

Алматы қаласында «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында «Алматы Қала Жарық» басшылығы қолданыстағы нормаларға сәйкес 28 гвардияшыл-панфиловшылар саябағындағы барлық жарықтандыру жүйесін толығымен ретке келтіру туралы шешім қабылдады.

САЛҚЫН САЯБАҚ

тарихи орынның жарығы жаңартылды



Ернұр
РЫСБАЙ

Жөндеу бригадалары траншеялар қазып, 6 шақырымнан астам жаңа кабель жүргізді. Жалпы 470 шам және 450 ажыратқыш ауыстырылды. Әр фонарь мен прожекторды қосудың егжей-тегжейлі сызбалары бар саябақтың сыртқы жарықтандыру жүйесінің төлқұжаты жасалды. Жарықтандыруды қалпына келтіру жұмыстары 15 күнге созылды.

Қала тұрғындары мен туристердің ең көп келетін саябағы енді жарық болмақ. Келушілер үшін түнгі уақытта жүру қауіпсіз болады.

Яғни саябақ жарық әрі әдемі көрінері анық. Осы орайда, «Алматы Қала Жарық» басшысы Игорь Мысик жасалған жұмыстар жайында айта кетті.

«Жалпы жұмыс 28 гвардияшыл-панфиловшылар саябағын жарықпен қамтамасыз ету мақсатында өткізілді. Қала тұрғындарының наразылықтарын ескере отырып жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бұл саябақ тарихи және мәдени маңызды жер. Сол себепті, тұрғындар кез келген уақытта өздерін жайлы сезінуі қажет. Осы орайда, 6000 метр жаңа кабель жүргізіп, 500-ге жуық шам және 450 ажыратқышты ауыстырдық», – деді И.Мысик.



ЖОБА

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК
ҚОЗҒАЛЫСЫ

жылдамдығы 70 пайызға артады

Алматыда салынатын BRT бірінші учаскесінің жобасы мемлекеттік сараптамадан өтті.

Айнабай
Мәди

«Алматыбасжоспар» ғылыми-зерттеу институты Райымбек даңғылы бойымен жүрдек автобус көлігіне арналған жолдың бірінші учаскесінің (BRT) жобасын іске асырудағы маңызды кезеңнің аяқталғанын хабарлады. Жоба мемлекеттік сараптамадан сәтті өтті. Ұзындығы 1,7 шақырым болатын бірінші учаске Пушкин көшесінен Сейфуллин даңғылына дейінгі бөлікті қамтиды. Қазіргі кезде құрылыс-монтаждау жұмыстарын (КМЖ) жүргізуге конкурстық рәсімдерді өткізуге дайындық жүріп жатыр.

«Бұл жоба қала көшелерінде кептелісті азайтуға және қоғамдық көліктің сапасын арттыруға бағытталған көлік инфрақұрылымын жақсарту стратегиясының бір бөлігі. Райымбек даңғылындағы BRT жобасын іске асыру Алматы тұрғындары мен қонақтары үшін жылдам әрі ыңғайлы қоғамдық көлік жүрісін жақсартуға бағдарланған», — деп атап өтті «Алматыбасжоспар» ҒЗИ бас директоры Асхат Садуов. Еске салсақ, BRT жолы Алтын орда кө-

шесінен Жетісу көшесіне дейінгі аралықты қамтитын болады. Жалпы ұзындығы — 17 км. Райымбек даңғылының Ахрименко көшесінен Пушкин көшесіне дейінгі 1 кезеңін салу 2024 жылы басталады.

Бұл бөлік 2 кезекке бөлінген:

1-кезек — Пушкин көшесінен Сейфуллин даңғылына дейін.

2-кезек — Сейфуллин даңғылынан Ахрименко көшесіне дейін.

2-кезең — Ахрименко көшесінен «Барлық» базарына дейін (2025-2026 жылдары).

«BRT — қоғамдық көлікке арналған арнайы линиялар. Бұл қаланың едәуір бөлігін қамтитын, қаланың қажетті нүктесіне тез және ыңғайлы жетуге мүмкіндік беретін жедел транзиттік дәліз жүйесі. Ыңғайлы маршруттар және қаланың шалғай аудандарына қосылу мүмкіндігі жасалады. Мысалы, Райымбек даңғылында BRT құру жобасын іске асыру кезінде бөлінген жолақтардың ұзындығы «Алтын Орда» көлік-трансплантациялау торабын қоса алғанда, өседі. Қоғамдық көлік қозғалысының жылдамдығы 70%-ға артады», — деді «Алматыбасжоспар» ҒЗИ» ЖШС көліктік жоспарлау бөлімінің басшысы Сергей Яценко.

НЕ БАЙҚАДЫҢИЗ?

Жолдағы көк таңба
нені білдіреді?

Қала тұрғындары Алматы жолдарында пайда болған көк сызықты байқаған болар. Жолдағы мұндай таңбалар қазір Наурызбай батыр көшесінде бар. «Алматы паркинг» мекемесі коммуналдық ақылы тұрақ аймағының осылай таңбаланатын хабарлады.

Бұл жаңалық көлік жүргізушілеріне тұрақ аймағында жүруге көмектесуге арналған. Бұрын ақылы автотұрақтар тек 5, 10 және 20 сандары бар шеңбермен бейнеленген ақпараттық такта түрінде көрсетіл-

ген. Алайда, мұндай белгілер әрдайым ақылы тұрақ шекараларын нақты көрсете бермейді.

«Көк түсті таңба Наурызбай батыр көшесінде пайда болды және одан әрі барлық коммуналдық ақылы автотұрақта қолданылады. Тығыз трафик кезінде жол белгісі байқалмауы мүмкін, ал көк таңба назар аудартады. Бұл қалалық инфрақұрылымды жақсарту және Алматы тұрғындары мен қонақтары үшін жайлылық деңгейін арттыру жөніндегі бағдарламаның бір бөлігі. Көлік жүргізушілері қазірдің өзінде тұрақ аймағын анықтау процесін қарапайым әрі түсінікті ететін жаңа жүйенің артықшылығын бағалай алады», — делінген «Алматы паркингтің» хабарламасында.

Қ.ЖҰМАДІЛОВА.



БӘРЕКЕЛДІ!

Орталық ашылды

Алматыда тағы бір орталық ашылды. Жаңадан ашылған Қазақстан-Қытай ауыл шаруашылығы орталығында Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті мен Қытайдың Ланьчжоу университеті 7 бағыт бойынша жұмыс істейді.

Рая
ЕСКЕНДІР

Мұнда екі мемлекет мамандары өсімдік және су шаруашылығы, суды тиімді пайдала-

ну бойынша жаңа технологияларды бірлесіп жүзеге асыратын болады.

Сонымен, екі университеттің ғалымдары білім мен тәжірибе алмасып, ақылды технологияларды білім беру процесіне енгізетін болады. Студенттер дәстүрлі ауыл шаруашылығы пәндерінен бөлек, қосымша ақылды технологияны қатар меңгеріп, нәтижесінде осы саладағы проблемаларды жасанды интеллект көмегімен шеше алатын мамандар дайындалады.

Мысалы, бірлескен зерттеулердің негізінде тамшылатып суару жүйесінің ең тиімді және үнемді жолын жасап, оны мамандардың көмегімен агрожүйеге енгізуді жоспарлап отыр. Жалпы, жаңадан ашылған орталық барлық екіжақты жұмыстарды үйлестіріп отырады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Фараби ЕРМЕКОВ,
ҚазҰАЗУ ғылыми-білім беру технологиялық платформасының атқарушы директоры:

— Мұндағы басты ерекшелік — ауа райының, температураның, ылғалдылықтың көрсеткіштерін қарап отырып, топырақтағы ылғалдың көлемін анықтауға болады. Бұған қоса, өсімдікке қажетті ылғалдың көлемін анықтап, күнделікті емес, әр сағат сайын, әр минут сайын өсімдікке қаншама көлемде ылғал қажеттігін есептеуге болады.

БРИФИНГ

БІЛІМДІ АЛМАЙТЫН
ҚАМАЛ ЖОҚ

Мегаполисте жастар ұйымдары үшін академия құрылады

Барлық ниет білдірушілерді осы академияға оқуға шақырады. Бұл туралы Алматының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының жастарды әлеуметтендіру және жастар бастамаларын қолдау бөлімінің басшысы Нұрсұлтан Бекқайыров мәлімдеді.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Иә, Жастар саясаты басқармасының қолдауымен «Алматы қаласы жастар ұйымдарының акселераторы» жобасы іске қосылады.

«Жобаның мақсаты — Алматы қаласының жастар саясаты саласын дамытудың стратегиялық қадамдарын әзірлеу мақсатында тиімді, сапалы және нәтижелі топтық талқылауларды ұйымдастыру», — деді Н.Бекқайыров.

Жоба аясында құрылатын академия жастар мен жастар ұйымдарының мүшелерін модульдік бағыттар, түрлі тақырып-

тар бойынша тегін оқытады. Академия жобаларды басқару, YEY-ны ұйымдық-институционалдық дамыту, гранттарға өтінімдерді толтыру, қаржылық және шығармашылық менеджмент салаларын қамтиды.

«Бұл курс өз қызметін жаңадан бастаған YEY-ның барлық өкілі үшін, сондай-ақ әлеуметтік проблемаларды шешу жолдарын сапалы және тиімді тандауды және оларды іске асыруды білмейтін жастар үшін өте пайдалы және маңызды болады», — дейді Нұрсұлтан Бекқайыров.

Брифингке қатысқан «Алматы студенттер альянсы» корпоративтік қорының жоба үйлестірушісі Жүлдіз Жаксыбай бұл жоба Алматы қаласының 8 ауданында жүргізіліп жатқанын хабарлады.

Жоба барысында «дөңгелек үстел», форсайт-сессия ұйымдастырылады. Сондай-ақ, YEY бойынша бейнероликтер түсіріліп, талдамалық анықтама жасалады.

YEY басшылары мен мүшелерін оқыту үшін оқу жоспарын жүргізетін жоғары білікті мамандар мен сарапшылар тартылады. Спикерлер ретінде жаттықтырушы, коуч Азамат Сқаков, отбасылық психолог Ержан Мырзабаев, YEY басшылары, азаматтық бастамаларды қолдау орталығының мамандары, «Samruk Kazyna trust» қорының өкілдері, Алматы қаласы мәслихатының депутаттары, жас ғалымдар және т.б. қатысады.



КЕҢЕС

СУ ТАСҚЫНЫ ҚАТЕЛІКТІ КЕШІРМЕЙДІ

Төтенше жағдайларға ден қою мәселелері талқыланды

Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев су тасқыны салдарынан анықталған ТЖ-ға ден қою проблемаларын талдау бойынша кеңес өткізді.

Кеңес барысында үш негізгі мәселе талқыланды: ТЖ жағдайында жедел ден қою үшін республикалық және өңірлік штабтардың өкілеттіктерін кеңейту, техника мен жабдықтарды тасымалдау тетігі, сондай-ақ табиғи апаттар кезінде мүлкті сақтандыру, деп хабарлайды Primeminister.kz.

Вице-премьер халық пен бизнеске келтірілген залалды өтеу кезінде туындаған проблемаларды ерекше атап өтті. Қанат Бозымбаев Қаржы, ТЖ, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктеріне зардап шеккендерге өтемақы төлеу тәртібін қайта қарауды тапсырды.

Ұлттық экономика министрлігінің деректері бойынша шағын және орта бизнес (ШОБ) субъектілерінен жалпы сомасы 3,4 млрд теңгеге 291 өтінім келіп түсті. Қаражат қазірдің өзінде өңірлерге Үкіметтің резервінен бөлінді, бірақ өтініш берушілердің үштен біріне ғана жетті. Осыған байланысты вице-премьер «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ескертулерін назарға ала отырып, бизнеске төлем жасаудың әдістемесін пысықтауды, оның ішінде АӨК кәсіпкерлеріне келтірілген залалды өтеуді тапсырды. Су тасқыны кезінде техниканың жетіспеушілігі мәселесі туындады. Оны басқа облыстардан көшіру бойынша жедел шаралар қабылданды. Бірқатар өңірде әкімдер қолда бар автопарк саны туралы ақпаратты білмеді, сондықтан арнайы есепке алуды жолға қою қажет.

ТЖ кезінде азаматтардың мүлкін сақтандыру мәселелері және апаттар облигациясын шығару мүмкіндігі қаралды. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі апатты тәуекелдерді сақтандырудың әртүрлі модельдері мен тәжірибелеріне талдау жүргізеді. Халықаралық тәжірибені зерделеу бойынша өз талдауын «Астана»

халықаралық қаржы орталығы да жүргізді. Вице-премьер Ұлттық экономика және Қаржы министрліктеріне ҚНРДА және АХҚО-мен бірлесіп бір ай мерзімде апатты бондтар шығару және мүлкті сақтандыру бойынша қажетті есептеулер жүргізуді, ал ТЖ мен Су ресурстары және ирригация министрліктеріне су тасқынына дайындық және халықты апаттардан қорғау алгоритмін әзірлеуді тапсырды.

Облыс әкімдіктері су тасқынының алдын алу

шараларын қамтамасыз етеді, барлық гидротехникалық және қорғаныс құрылыстарын тексеріп, айналм арналарды дайындайды. Қаржы министрлігі әр өңірде төтенше резерв құру жөнінде ұсыныстар енгізуі тиіс. Ол тұрақты, төмендетілмейтін, келесі жылға ауысатын және тек төтенше жағдайларда қолданылуы керек.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: primeminister.kz).

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қанат БОЗЫМБАЕВ,
ҚР Премьер-министрінің орынбасары:

Зардап шеккен азаматтар мен ШОБ үшін қажетті көмекті жедел жеткізуіміз керек

Бюрократия тұрғындар арасында наразылық тудырады. Осы жағдайды анықтау үшін бұл істі қолға аламын. Біз су тасқыны туралы емес, су тасқыны мысалында әрекет ету жүйесінің дайындығы туралы айтып отырмыз. Біз ТЖ-ға тез ден қойып, зардап шеккен азаматтар мен ШОБ үшін қажетті көмекті жедел жеткізуіміз керек. Жұмыс тобын құрып, барлық рәсімдерді жеңілдету керек.

Көлік министрлігі осы талқылауды ескере отырып, техниканы, оның ішінде жеке ұйымдармен тиеу, жеткізу және түсіру алгоритмін пысықтауы қажет. Оларды ТЖ аймақтарына тарту және жеткізу үшін шығындарды өтеу тетігін көздеу керек. Мұның бәрін заңнамалық тұрғыдан реттеп, бір ай мерзімде келісілген ұсыныстар енгізу қажет.

Біз бүгін биылғы су тасқыны бойынша қорытынды жасап, келесі жылдың су тасқыны кезеңіне дайындықты бастау үшін арнайы жиналды. Қазір біз тұрғын үйді қалпына келтіру және залалды өтеу бойынша барлық жұмыстарды уақытылы аяқтауымыз керек. Ең бастысы, зардап шеккендер күзге дейін баспанамен қамтамасыз етілуі керек. Көктемге дейін әлі алыс. Бірақ су тасқыны кезеңіне дайындық шаралары күзде аяқталуы тиіс. Су тасқыны қателікті, орындалмаған жұмыстарды және жеткіліксіз қаржыландыруды кешірмейді.



ПОЛИЦИЯ

Жыл сайын жол апатында 2 мыңнан астам адам қаза тауып, 19 мыңнан астамы түрлі жарақат алады. Бұл – мемлекет пен әр отбасы үшін орны толмас шығындар. Жолдағы жағдайды тұрақтандыру мақсатында кешенді шаралар қабылдануда. Алайда, талдау көрсеткендей, олар жеткіліксіз болып отыр. Бұл туралы ҚР ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің төрағасы Қайсар Сұлтанбаев ОКҚ алаңында хабарлады.

- Ағымдағы жылы 10 мыңнан астам жол апаты тіркелді, онда 981 адам қаза тауып, 12 мыңнан астам адам жарақат алды.
- Жыл басынан бері полиция 6 млн-ға жуық жол ережесін бұзушылықты анықтады, оның ішінде 238 мың жаяу жүргіншіге айыппұл салынды.
- 12 мыңнан астам жүргізуші мас күйінде ұсталды. Қарсы жолаққа шығудың 5 мың дерегі анықталды. Сотпен 14 мыңға жуық жүргізуші басқару құқығынан айырылды.
- 12 мыңнан астам құқық бұзушы әкімшілік қамауға алынды.
- Жыл басынан бері мас жүргізушілердің кінәсінен 178 жол апаты орын алып, онда 26 адам қаза тауып, 234 адам жарақат алды.
- Биыл 6 айда электросамокаттардың қатысуымен 78 жол апаты тіркелген. Ағымдағы жылдың 6 айында электросамокаттың қатысуымен 78 жол апаты тіркелді, 2 адам қаза тапты, 76 адам жарақат алды. Электросамокат жүргізушілерімен 12 мыңнан астам жол ережелерін бұзушылық анықталған.
- Жол инфрақұрылымынсыз қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүмкін емес. Апаттардың 84%-ы елді мекендерде орын алады. Жалпы қаза болғандардың төрттен бір бөлігі жаяу жүргіншілерді қағып кету дерегі. Олар негізінен қауіпсіз жаяу жүргіншілер өткелдерінің, жарықтандырудың және тротуарлардың болмауынан қаза болуда.
- Талдау нәтижесінде елімізде бағдаршаммен реттелетін 600-ге жуық өткел, 100 мың метрден астам жаяу жүргіншілер қоршаулары, 15 мың шақырым жарықтандыру және 60 мың шақырымға жуық тротуармен жабдықтау қажет екені анықталған.
- Бүгінгі таңда 4 және одан да көп жолақтары

бар 6 мың шақырымнан астам жол салу қажет. Заманауи жолдарды қысқа мерзімде салу мүмкін емес. Осыған байланысты қауіпсіздікті арттыру үшін жол ұйымдарымен бірлесіп, қолданыстағы жолдарға 25 мың тексеру жүргізілді, онда 45 мыңнан астам кемшіліктер анықталды. 3,5 мыңға жуық лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Зерттеу нәтижелері бойынша республикалық маңызы бар жолдарда барлығы 200 шақырымнан астам таңбалар сызып, 2,5 мыңға жуық жол белгілерін орнату қажет. Жануарлар мен малдың жол бөлігіне шығуына кедергі келтіретін 3 млн пагон метрден астам жол қоршаулары қажет.

Тағы бір фактор – ол автопарктің үздіксіз өсуі. Өткен жылдың өзінде көлік саны 500 мыңға артып, қазір олардың саны 5 млн 350 мыңнан асып отыр. Ағымдағы жылы 108 мың автокөлік тіркелген.

Соңғы жылдары электросамокаттар мен мопедтер мәселесі айтарлықтай күшейе түсті және олардың жол жағдайына тигізетін әсері де артып келеді. Олардың саны ортақ жолдарда айтарлықтай өсті. Иелерінің жол ережелерін сақтамауы, көбіне оларды білмеуіне байланысты, ал оның соңы апаттарға әкеп соғады. Ішінде адам шығыны да бар.

Биылтыр 30 тамызда Мәжіліс депутаттарымен бірлесіп әзірленген заң жобасы қабылданғаны белгілі, онда электросамокат ұғымы, жүріп-тұру қағидалары, сондай-ақ олардың жүргізушілерінің құқығы мен міндеті бекітілген. Бұл шаралар олардың жүрісін реттеуге мүмкіндік берді, ал полицияда оларға әсер етудің нақты тетіктері пайда болды. Электромобильдер жөніндегі заңмен электромобильдерге арналған орындарда тоқтау немесе тұру ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік енгізілді. Одан бөлек, электромобиль жүргізушілеріне коммуналдық ақылы автотұрақтарда тегін тұру үшін жеңілдік көзделген.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: ortcom.kz).

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



(Дереккөз: Inbusiness.kz)

Қайсар СҰЛТАНБАЕВ,
ҚР ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің төрағасы:

ЖАҢА ТАЛАПТАРҒА СӘЙКЕС
БАРЛЫҚ ЖОЛ АПАТЫ ТІРКЕЛЕДІ

Бас прокуратураның жаңа талаптарына сәйкес барлық жол апаты тіркеледі және жол апатынан кейін медициналық мекемелерге жүгінген адамдар да есепке алынады. Бұған дейін есепке, денсаулығына зиян келгені медициналық расталған жол апаттары ғана тіркелетін болған. Сонымен қатар, талдау көрсеткендей жол жүрісі қауіпсіздігінің жай-күйіне әлі де сол факторлар әсер етеді. Бірінші – жолдағы тәртіптің төмендігі. Полиция бұзушылықтарды анықтау жолында жарыс өткізбейді,

біз тек жол қауіпсіздігіне әсер ететін бұзушылықтардың жолын кесеміз. Дегенмен, заң бұзушылықтардың жыл сайын өсуі жүргізушілер тәртібінің жақсармағанын, тіпті кейбіреулері жол ережелерін жүйелі түрде бұзып, өрескел бұзушылар екенін көрсетіп отыр.

Жергілікті атқарушы органдардың қолдауымен жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласына цифрлық шешімдер де енгізілуде. Мәселен, жол ережелерін бұзуды автоматты түрде тіркейтін 24 мыңнан астам камера орнатылған. Олар жол ережелерін бұзудың 70%-на дейін анықтап отыр. Дегенмен, камералардың басым бөлігі қалада орнатылған. Қала сыртындағы жолда қауіпсіздік мәселелерін шешу үшін патрульдік автокөліктерді жол ережелерін бұзуды тіркейтін борттық жүйелерімен жабдықтадық. Жол бойы жүйе жол ережелерін бұзушылықтарды автоматты түрде тіркейді және оларды Бас прокуратураның орталық серверіне жібереді. Осы жерде айта кететін жәйт, қызметкерлерде ақпаратты жою мүмкіндігі жоқ. Қазір мұндай көліктің 216 бірлігі бар. Бір экипаждың өнімділігін 15 патрульдің жұмысымен салыстыруға болады.

Тағы бір мәселе – мопедтер, мокиктер және скутерлер. Бүгінгі таңда олардың есебі жүргізілмейді, бұзушылықтар үшін жауапкершілік мардымсыз. Ағымдағы жылдың 6 айында мопедтердің қатысуымен 542 жол апаты тіркелді, 27 адам қаза тапқан, 577 адам жарақат алды. Ағымдағы жылы мопед жүргізушілерінің қатысуымен 31 мыңнан астам құқық бұзушылық анықталды. Оларды міндетті мемлекеттік тіркеуге алуды және А1 санатындағы жүргізуші куәлігін беруді енгізу ұсынылды. Мокиктер мен скутерлер жүрісін заңнамалық реттеу және оларды тіркеу жөніндегі ұсыныстар Парламент Сенатында қаралуда.

Балалардың қатысуымен болатын жол апаттары мәселесіне келсек, еліміздегі әрбір төртінші жол апаты балалардың қатысуымен болады. Жыл басынан бері балалардың қатысуымен 2700 жол апаты тіркелген, онда 126 бала қаза тауып, 3 мыңнан астам жеткіншек жарақат алды. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ағымдағы жылдың 30 тамызы мен 5 қыркүйегі аралығында республика көлемінде «Абайлаңыз – балалар!» жедел профилактикалық іс-шарасын өткіземіз. Іс-шара барысында мектептер маңындағы жолдар мен аумақтарды зерттеу және профилактикалық сабақтар мен дәрістер өткізу жоспарланған.



МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚҚА ҰСЫНЫЛҒАН ШЫҒАРМА

ШАЛҚАР СЕЗІМДІ, ТЕРЕҢ ОЙЛЫ АҚЫҚ ЖЫРЛАР

Ақын Қазыбек Исаның «СЫРТОЛҒАУ» жыр кітабы
Мемлекеттік сыйлыққа лайықты дүние



Аспан мен Жердің арасында бірде пілденің аптабындай ысып, бірде қаңтардың қаһарындай мұздап, дамылсыз аласұрған ақынның бейкүнә жанындай беймаза болмыс бар ма екен? Бірде кернеусіз тәтті қиялдың қанатына жармасып шыңға, құс жолынан биікке өрлесе, енді бірде батпандай ауыр, ащы мұңның салмағынан шыңыруға құлап, парша-парша болып жылап жататын ақынның жаны – жарық дүниенің бір тылсым құбылысы.

Осынау ғаламдық урбанизация дәуірінде сақиналы ойдың, сақи сөздің сәулесін ұстаған қиялилау пақырдың дала кезген дәруіштей даналық қалпын, нақлиқаты әулиелікке барабар жанкешті мұңын ұғатын жұмырбасты пенделер де сиреп бар жатқандай ма, қалай? Қалай десек те, өзге адамдардың көрмейтінін көріп, сезбейтінін сезе алатын, космогониялық гипотезаларды қиялмен шешуге тырысатын, жаратылыстың эволюциялық қозғалысын ерекше түйсікпен түйсінетін, Жер бетіндегі биосфераның бедерлерін өзіндік таныммен талдап, аңмен де, құспен де, жапырақпен де, шөппен де, қайыңмен де, қарағаймен де сөйлесе алатын ақынның Құдай берген арда қасиеті қастерлеуге тұрарлық. Қазақ халқының шынайы ақындарды ерекше құрметтейтіндігі де сондықтан.

Нағыз ақын – елдің құрметтісі, нағыз ақынның жауһар туындылары – елдің алтын қазынасы. Бүгінде мұқым қазаққа танымал талантты ақын Қазыбек Исаның Абай атындағы Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылып жатқан «Сыртолғау» атты өлеңдер жинағын оқығанда бергені де мол, берері де көп қаламдоз досымның жүрегіне шындап үңіліп, жан сырына терең бойлағандай болдым. Сағыныштан басталып, шалқар сезіммен өріліп, саикалы терең ойлармен түйінделетін ақық жырлар кітаптың өне бойында маржандай тізіліпті. Әр өлеңнің тереңіне бойлаған сайын ғажайып күй кешесің. Ақынның тәтті мұңына ілесіп, тамаша музыка тыңдағандай көңілің толқиды. Жүрегің шымырлап, терең ойға батасың. Тебіренесің.

Мен бұл мақаламда Қазыбек ақынның туған жер, өскен ауыл туралы жазылған бірнеше өлеңі туралы ғана сөз етпекпін.

**Шаңыраққа баладық Күнді биік,
Бір Құдайға ден қойдық бірлік ұйып.
Топырағыңды басқанда жсалаңаяқ,
Тұла бойға тұған жер нұрды құйып,
Алтын жұққан табаным**

тұрды күйіп... – деп толғанады ақын туған жер жайында. Төбеңде Күн – шаңырақ. Жүрегінде Ұлы Алла. Туған жердің төсі – алтын. Көкірегіңе алтын нұр құйылады. Өзің өскен өңірдің әр тасы, әр шағылы ыстық. Қызылқұм – алтын аймақ. Сағындырады. Табындырады. Тоқсан тарау тірліктің бар қайғысын ұмытып, сенің де Қазыбек өскен Шардара маңайына тартып кеткің келеді.

**Тек туған жер жазады жүрек емін,
Текті ақынның қадірін біледі елім.**

**Төрт бұрышын дүниенің шарлап келіп,
Төрт қақпаңа мен сенің тірелемін!..
Немесе:
Тірлікті айтып бітпейтін**

нетейін тек,

**Ауыл-анам,
Кінәмді өтейін көп...
Шаршаған соң, сағынып келіп тұрмын,
Басымнан бір сипатып кетейін деп...**

Бәріміз де туған жерден қуат аламыз. Италиялықтардың: «Барлық жол Римге апарарды» дейтініндей, біздің Риміміз – туған ауыл. Дүниенің қай бұрышында жүрсек те ауылды сағынамыз. Ауылды аңсаймыз. Ауыл біз үшін Қағбадан да қастерлі. Дейтұрсақ та, ауылды әр ақын әртүрлі жырлайды. Ол әр ақынның парасат деңгейі мен қалам қарымына, сағыныш мөлшеріне байланысты болса керек. Қазыбектің ауыл жайлы жырлары тым ерекше. Осы өлеңді ол:

**Қой баққанмен қиялы астанада,
Қызықтым сол бейкүнә жас балаға...
Құмды ауылда қалдырып балалығын,
Тартады ол да күні ертең тас қалаға.
Тастан елді кетеді,
Мен де кеткем...
Әлініе әркім шаруасын дөңгелеткен...
Қазына іздеп қалаға ұмтыламыз,
Құм ішінде жатса да көмбе көптен, –**

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мұхтар ШАХАНОВ,
Қазақстанның Еңбек Ері,
Қазақстанның Халық жазушысы:

НАҒЫЗ ШЫН АҚЫНДАРДЫҢ БІРЕГЕЙІ – ҚАЗЫБЕК ИСА

Қазақта ақын көп. Ақынмын деп жүргендер одан да көп. Талантты деп жүргендеріміздің барлығы бірдей шын ақын емес. Егер ол елінің жоғын жоқтай алмаса, мұңын мұндай алмаса, ұлтының ұлттық құндылықтарын сақтап калуда батыл қадамға бара алмаса, оның несі ақын?!

Әдебиет пен мәдениетті көкке көтеру үшін, тіл мен ділді сақтап қалу үшін күреспеген ақынның тірлігі – сөзі мен ісі қабыспаған зиянды жанның тірлігі. Ел дегенде, жер дегенде, намыс дегенде өзіндік ұстанымы бар, қалыптасқан, айнымас көзқарасы бар ақын – шын ақын. Сондай шын ақындардың бірі десек те, бірегейі десек те, лайықты тұлға – Қазыбек Иса.

Мен оны тек ақын ғана емес, ел дегенде еңірген, жер дегенде жүрегін жұлып бере алатын азаматтығы үшін, қайсар қайраткерлігі үшін сыйлаймын... Қазыбек Исаның Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған «Сыртолғау» жыр кітабында ойы терең, тілі бай, көркемдігі күшті үздік өлеңдер молынан жетіп-артылады. Афоризмге айналар айшықты жолдар жадында жатталып қалады. Мысалы:

«Бақытсыздар көп ойлайды

Бақытын,

Бақыт деген – БАҚЫТ

жайлы ойламау!», –

деген өлеңі маған ерекше қатты ұнады. Бұл – бұрын айтылмаған тың тұжырым, соны жаңалық.

Маңдайын күнге күйдірген,

Табанын жерге тілдірген,

Қайран ел, қазақ ақысын,

Қайтару үшін жүрмін мен! –

деген асқақ сөзді айту үшін де арыны мен дарыны келіскен әр ақын, шын ақын болу керек!.. Ақын Қазыбек Исаның «Сыртолғау» жыр кітабы Мемлекеттік сыйлыққа нағыз лайықты туынды деп білемін. Егер бүгінде біз аңсаған әділеттік орнаған болса, онда Қазыбектің аты аламанда алдымен келіп, ақ маңдайы жарқырауы керек деп сенеміз. Ақиқат үшін күрескен ақын бауырымды Алла қолдасын!

(Дереккөз: qazaqadebieti.kz).

деп түйіндейді. Тас қаладан қандай қазына тапсаң да туған жердің қасиетіне жетпейді дегенге меңзейді. Бұл ақиқатты ауылда өскен әрбір қазақ мойындайды. Жанымызға жақын шындық.

Қазақтың көрнекті ақыны, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Темірхан Медетбек Қазыбек Исаның поэзиясы туралы кезінде көркем де, көлемді мақала жазғанын жақсы білеміз.

«Қазыбек Иса Қызылқұмда туып-өскен ақын. Оның өлеңдерінің жыңғылдай тара-мыс, сексеуілдей сіңірлі, құмдай ыстық болып келетіні содан болса керек. Ол өзінің кітаптарының аттарын «Керімсал», «Қызыл жыңғыл», «Тәтті шөл» деп атауы да сол табиғи болмыстан. Ми қайнатып аңқа кептіріп жіберердей аптап астында өскен, ылғи да тұла бойын шөл буып тұратын ақынның туған жерге деген махаббаты да соншалықты ыстық. ...Ал оның махаббат тақырыбындағы өлеңдеріндегі аласұрып тұрған сезім арпалыстарының жалынына шарпылып қалғандай болдым десем, тіпті де артық айтқандық емес. Ол жырларды бүгінгі заманның ғашықтық ғазалдары десе де болғандай», – деп туған жер мен махаббат жырларының айрықша ажарын атап өтті.

Ауыл – ұлттық салт-дәстүрдің алтын ұясы. Салт-дәстүр – қазақы қасиеттер мен ұғымдарды қанға сіңдіріп тәрбиелейтін халықтық педагогиканың қайнар көзі. Ауыл баласының елсүйгіш, ұлтшыл болып өсетіні, елім деп, жерім деп еміреніп тұратындығы сол мөлдір бастаулардың арқасы. Ауылда өскен бала ешқашан космополит болмайды. Өз халқынан, өз салтынан безбейді. Қай кезде де ұлттық мүдде тұрғысынан ойлай алатын азамат болып қалыптасады. Данышпан ақын Қадыр Мырза-Әлінің: «Нағыз қазақтың баласы ауылда өсуі керек» дейтіні бекер емес. Асфальтта өскен ұрпақтың қандай болатынына мысал тізіп қажеті жоқ. Күнде көріп жүрміз. Олардың басым көпшілігінің танымы да, психологиясы да, өмірге көзқарасы да бөлек. Орыстанып, мәңгүрттеніп болған көп қазақтың баласы сәлем-сауқатты да ұқпайтын халге жеткен. Жаһандану деген жалған теорияның жетегіне еріп, ұлттық болмысынан безіп, қара басының қамын ойлаудан арыға бармайтын бозөкпелер ертең елдің сөзін сөйлей ала ма? Бірдене деу қиын.

Қазақ жұрты тіл жанашыры деп танитын Қазыбек Иса қайраткерлік деңгейге көтеріліп, Парламент төрінде отырса да, осы өзекті мәселені бір сәтке ұмытқан емес. Ол ауылды махаббатпен жырлау арқылы талай адамның көзқарасы мен пікірін өзгертті. Әлі де өзгерте алады. Сол жолда жан аямай тер төгіп келеді.

Ақынның жүрегіндегі ұлы сағыныш ең әуелі қимастық сезімнен басталады. Қай кезде, қай тарапқа жол тартса да туған жер, өскен ауылды қимай, артына қарайлай-қарайлай аттанатын талант иесі мұндана отырып мөлдір өлең өреді.

Шабит алып шаңыңнан, шағылыңнан,

Дауа таптым дамылсыз дауылыңнан.

Ұлы дүбір ұлыңа ұйқы бермей,

Ұзап кетіп барамын ауылыман...

...Сағымымен қоштастым сар даланың,

Сағынумен сан өлең арнағамын.

Көз жетпейтін көкжиек көңіл тартып,

Шағаласы шарқ ұрды Шардараның... –

деп толғанады «Аттанарда» атты жырында.

«Ұйқы бермес ұлы дүбір». «Көз жетпейтін көкжиек...». Алыстан қол бұлғаған ұлы мақсаттар. Бала көңілде ерте бүр жарған асқақ армандар. Қарын тойдырудың қамын ғана ойламай, елдік мақсаттарға қызмет ететін, елдің сөзін айта білетін шайыр деңгейіне көтерілу миссиясы ақынның жанына тыным бермейді. Оның ұлы мұраты – елдің сөзін сөйлеу. Ол бар ғұмырын сол жолда сарп етуге дайын.

Қазыбек Исаның «Сыртолғау» өлеңдер жинағы Мемлекеттік сыйлыққа лайықты дүние деп толық сеніммен айтуға болады.

Темірғали КӨПБАЙ,
ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты.



МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚҚА ҰСЫНЫЛҒАН ШЫҒАРМА

БАЛАЛЫҚТАН ДАНАЛЫҚҚА
БАСТАЛҒАН ЖОЛ

Қылқалам шебері Жанұзақ Мүсәпір – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ЮНЕСКО бейнелеу өнері қоғамының мүшесі, ҚР көркем академиясының академигі және вице президенті, журналист, суретші. Еліміздің ерекше суретшісі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, әдебиеті мен мәдениетін, әні мен жырын бейнелейді. Оның туындылары ұлы даланы шынайы танытады.

«Үяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің...»

Жанұзақ Мүсәпір бала кезінен өнерге жақын болды. Әкесі ұсталықпен айналысқан. Сол себепті, суретші де жастайынан әкесімен бірге қамшы өріп, ат әбзелдерін даярлап тірлікке етене араласып кетеді. Сонымен қатар, анасының арқасында алаша токуды меңгереді. Бейнелеу өнеріне деген махаббатқа осы факторлар да түрткі болған. 6 жасынан жоғары оқу орнына түскенше, дәл осылай ауыл мектебінен жетілген. Суретші өзінің кіндік қаны тамған жерге де еңбегін сіңірген. Жоғары білімін алған соң, туған жеріне оралған. 7 жылға жуық уақыт ұстаз болып, ауыл балаларын тәрбиелеген. Осылайша өзінің бар білгенін үйретіп, мықты шәкірттерді өмір бәйгесіне қосты.

Ұлы адамдардың портретін қалыпқа келтіру

Суретшіліктен бөлек, ақпарат саласында бірнеше жыл қызмет атқарды. Сол арқылы, көрермен мен суретшілердің арасында алтын көпір болды. Өзінің авторлық «Инжу-маржан» бағдарламасында суретшілердің туындыларын, өмірлері мен болмысын көрсетті. Өзінің де алға қойған мақсаты қазақтың өнерін дәріптеу еді. Сонымен қатар, ұстаздықты тастаған емес. Тұран-Астана университетінің доценті Жанұзақ Мүсәпір шәкірттеріне өте жақын.

Оларға бар білгенін үйретіп қана қоймай, бірге көрмелерге барады. Осы кезге дейін 20-ға жуық жеке көрмесін өткізген. Бірнеше көрмесі шет елдерде өтті. Суретшінің көптеген туындылары қазақтың ұлы тұлғаларына арналған. Соңғы 15 жылда тарихта есімдері қалған тұлғалардың портреттерін қалыпқа келтірумен айналысып келеді. Бірнеше туындысы өзі ашылуына атсалысқан «Анаға құрмет» музейіне қойылған.

«Құдіретті қылқалам»

Бұл бағдарлама бүкіл Қазақстанды қамтуда. Бағдарлама аясында Атырау, Өскемен, Шымкент, Түркістан, т.б. қалаларға суретшілерді іздеп барды. Негізгі мақсаты – түкпір-түкпірдегі аты шықпаған суретшілерді таныту. Туындыларын халыққа паш ету. Адамдардың ондай өнер иелерінің бар екенін көргенін қалады. Өзі суретші болғандықтан, өзге де суретшілерді жақсы түсінді. Болашақта да осы мақсатқа бар күшін салары анық. Бұл да бір қазақ өнеріне қосқан үлкен үлес.

Суретші – жақсылықты көруші

Қоғамда суретшілер көп болса, еш жамандық болмас еді. Себебі, бұл адамдар тек әдемілік пен жақсылықты көреді. Олардың көзқарасы қарапайым адамдардан өзгеше. Өзгелер көрмегенді көріп, байқамағанды байқайтын қасиеті бар. Алайда, ол үшін де білім керек екені анық. Жанұзақ Мүсәпір өзінің әр туындысын салмас бұрын көп ізденеді. Оның тағы бір себебі, тарихты зерттеуге деген құлшыныс.

Бекзат өнердің бағбаны

Суретшінің соңғы туындысына Абай Құнанбайұлының 33 қара сөзі түрткі болған. Ол жерде: «Егер де мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнерлі – қазақтың әулиесі сол. Бірақ құдай тағала қолына аз-маз өнер берген қазақтардың кеселдері болады» делінген. Жазушы да осы сөздермен толықтай келіседі. Оның ойынша ұлы Абайдың бұл қара сөзі бейнелеу өнері, шебер, зергерлердің нақ артықшылығын



айқындайды. «Балалықтан даналыққа жол» туындысында әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр Әл-Фарабидің өмірі бейнеленген. Суреттің атауы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясына ұқсатып қойылған.

Абай жолы қалай халыққа үлгі болса, «Балалықтан даналыққа жол» туындысы да үлгі болсын

деген ниетпен қойылған. Бастапқыда Әл-Фараби жолы деп атамақ болған еді. Алайда, ұлы ғұламаның балалық шағынан, дана болғанға дейінгі сәттері бейнеленетін болғандықтан атауы өзгертілді. Картинаның биіктігі 180 см, ал ұзындығы 11500 см құрап отыр. Жалпы, туынды 5 картинадан (полиптих) тұрады. Суретші топтама-

ны салуға жеті жыл уақытын жұмсады. Топтама Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойына сәйкес келді. Топтама Каир қаласынан бастап, Алматы, Талдықорған, Астана, Анкара, Дамаск қаласында таныстырылды. Полиптихтағы әр суреттің өзіндік мағынасы бар. Бірінші картинада, кітап оқып отырған бала Әл-Фараби бейнеленген. Айналасындағы асық ойнаған балалар, түйе сауып жатқан келіншектер нақ ұлы даланы білдіреді. Екінші картинада көптеген қалаларды байқауға болады. Яғни ғұламаны даналыққа жетелеген қалаларды көреміз. Әлемнің екінші ұстазының білім алу мақсатымен Самарқан, Шам, Бұқара, Шаш, Ташкент қалаларында болғанын білдіреді.

Сонымен қатар, картинада Ұлықбек обсерваториясын, Отырар теңгесін, балбал тасты байқауға болады. Суретшінің пікірінше, ғұламаның осы қалаларда алғашқы трактаттары жазылып, білімге деген құштарлығы артқан.

Үшінші картинада – ғұлама өмір сүрген Мерв қаласы. Дәл осы суреттен музыка өнері мен зергерлік өнер байқалады. Түркіменнің тарихи кітапханасы осы қалада орналасқан. Суретте Әл-Фарабидің Хамаданнан алған білімі, Мешхедтегі мектебі Нишапурмен жалғасқаны туралы айтылады.

Төртінші картинада – Бағдат қаласы. Тап осы қалада «Музыканың үлкен кітабын» және басқа да еңбектерін жазған болатын. Көкте рухты көтеретін қаршыға белгіленген. Бұның өзінде терең мағына жатыр.

Соңғы картинада ғұламаның соңғы демі шыққан қала бейнеленген. Дамаскінің шығыс қақпасында Әл-Фарабиді тосып тұрған адамдар тұр. Топтама халық пен ойшылдың көріскен жерінен аяқталады. Ғұламаның кесенесі осы қалада орналасқан.

Әл-Фараби сияқты ұлы ғұламаны қайта тірілткен бұл туынды биыл ҚР Абай атындағы әдебиет және өнер саласындағы Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылып отыр. Бұл өте орынды шешім. Себебі, суретшінің негізгі мақсаты – тарих пен мәдениетті қайта жаңғырту. Сондықтан бұл атаққа әбден лайықты деп есептейміз.

Ернұр РЫСБАЙ.

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ДОДА

МӘНЕРЛЕП ЖҮЗУ

АЛМАТЫ СУ СПОРТЫНАН
АЗИЯЛЫҚ ХАБҚА АЙНАЛА АЛАДЫ

Алматыда еліміздегі мәнерлеп жүзу спортының басты мәселелері мен болашағы талқыланды. Әртістік жүзу федерациясының Алматы қаласындағы өкілдігі баспасөз мәслихатын ұйымдастырды.

Әртістік жүзу федерациясының Алматы қаласы бойынша президенті Әлия Закария мәнерлеп жүзу спортының дамуы үшін қажетті инфрақұрылымның жоқ екенін айтты. Оның сөзінше, қаладағы бассейндердің көпшілігі кәсіби спорттың стандарттарына сәйкес келмейді. Ал сәйкес келетіндері коммерциялық пайда үшін қолданылады.

– Тек бізде ғана емес, барлық спорт түрлеріндегі басты мәселе – қажетті инфрақұрылымның болмауы. Мәнерлеп жүзу үшін тереңдігі кем дегенде 3,5 метр болатын бассейндер қажет. Өкінішке қарай, елімізде халықаралық стандартқа сәйкес келетін, әлемдік дәрежедегі жарыстарды өткізуге болатын бірде-бір бассейні жоқ. Біздің зерттеуіміз бойынша Алматыда 57 бассейн бар, оның 6-ауы ғана әлемдік жаттығу стандарттарына сәйкес және тек 3-еуі ғана жарыстар өткізуге лайық. Бірақ оның өзінде туындайтын мәселе бар – бұл бассейндердің көпшілігі кеңестік кезеңде жеке иелікке өтіп кеткен. Сондықтан айтылған объектілердің басым бөлігі фитнес саласына қолданылады. Ал біз жаттығу кезінде музыка қосамыз, әртүрлі іс-қимылдар болады, ол өзге адамдарға ыңғайсыздық тудыруы мүмкін. Осы себепті, бізде барлық жерде жылы шыраймен қабылдай бермейді. Мұның өзі біз үшін үлкен мәселе, – деді ол.

Сондай-ақ, Әлия Закария мәнерлер жүзу «Даму бала» бағдарламасына кірмейтіндіктен, оның балалар арасында жаппай тарауына мүмкіндік болмай тұрғанын атап өтті.

Ал әртістік жүзу федерациясының Алматы қаласы бойынша вице-президенті Әсел Орынбасарова мәнерлеп жүзу бойынша білікті төрешілердің аз екенін айтты. Оның айтуынша, қазіргі уақытта Азия өңірінде төрешілерді дайындайтын мықты хаб жоқ және бұл мүмкіндікті Қазақстан пайдалануы қажет.

– Қазақстанда төрешілерді дайындаудың тиімді жүйесі жоқ. Мәнерлеп жүзуде төрешілердің жетіспеушілігі тіпті қатты білінеді. Кей жарыстарда бапкерлердің өздеріне төрешілік етуге тура келеді. Бірақ мұндай жарыстарда әділ баға беріле бермейді. Жалпы айтқанда, төрешілерді кәсіби түрде дайындайтын ортақ бағдарлама жоқ. Біз қолымыздан келгенше оқыту курстарын, біліктілікті арттыру курстарын өткізіп жатырмыз. Қазір төрешілік бойынша әлемде АҚШ пен Еуропа елдерінің басымдылығы байқалады. Жақында әртістік жүзуден Азия өңірінің басшысы осы өңірден шыққан төрешілердің аз екеніне алаңдаушылық білдірді.

2030 жылы қысқы
Олимпиада қайда
өтеді?

Францияда 6 жылдан кейін тағы әлемдік дода өтеді. Батыс Еуропада орналасқан мемлекет 2030 жылғы қысқы Олимпиаданы қабылдайды. Бұл туралы Парижде өтіп жатқан Халықаралық Олимпиада комитетінің 142-сессиясында белгілі болды.

«Франция президенті Эммануэль Макрон мен басқа да қызығушылық танытқан тұлғалар 2030 Олимпиада ойындарын қабылдауға дайын екендіктерін жеткізді. Біз Францияның ғаламат Олимпиада ұйымдас-тырарына сенеміз», – деді ХОК басшысы Томас Бах.

Айта кеткен жөн, 2026 жылғы Олимпиада ойындары Италияның Милан және Кортина-д'Ампеццо қалаларында өтеді.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

БАСТЫ НАЗАРДА –
ПАРИЖ

Бүгін сағат 22.25-те Qazaqstan, Qazsport және «Хабар» телеарналарында Парижде өтетін жазғы Олимпиада ойындарының ашылу салтанаты көрсетіледі.

Франция астанасында Қазақстан құрамасы сапынан 80 спортшы спорттың 25 түрінен бақ сынайды. Қазақстан тәуелсіздік алғалы бері осымен сегізінші мәрте жазғы Олимпиадаға қатысқалы отыр. Қазақстандықтар Олимпиаданы «Qazaqstan», «Qazsport», «Jibek Joly», «Хабар» және «Ел арна» телеарналарынан көре алады.

Жалпы, Парижде спорттың 32 түрінен медальдар үлестіріледі. Жарыстың алғашқы жүлделері 27 шілдеде сарапқа салынады. Спортшылар барлығы 329 жүлде жиынтығы үшін таласқа түседі.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әзиз ТАСТАЕВ, тележурналист:

БАЛАЛАРЫМЫЗДЫ СУ СПОРТЫНА
НЕГЕ БЕРМЕЙМІЗ?

Бірде «Родничковое плавание» деген хабарды түсіруге шақырды. Алғашында «бұл спорттың қай түрі екен?» деп қатты таңқалдым. Әрі маған қызық көрінді.

Сөйтсем, бұл шараға бір жастағы баладан бастап, 3 жасқа дейінгі балалар қатысады екен. Су астына түрлі ойыншықтар тастап, арнайы кедергілер орнатылған бассейнмен жүзіп өтіп, керекті ойыншықтарды алып шығады. Бұл да жарыс қой. Жарыс болғанда қандай, бізге таңсық жарыс. Алайда, сол жарысқа қатысушылардың бәрі өзге ұлт өкілдері болды. Судың адам денсаулығына қаншалықты пайдалы екенін біріміз білеміз. Біле тұра, неге шет қаламыз? Осындай жарысқа біздің балалар да қатысып жатса, ұлтымыздың денсаулығы одан жақсара түспей ме? Спорт саласында жүргенде түйгенім, балаларымызды су спортына, суға жүзуге неге бермейміз? Әлем чемпионы болмаса да, ең болмаса суда жүзуді үйренер еді ғой. Есесіне, біз көбіне балаларымызды күрес пен боксқа береміз.

Егер біз халықаралық жарыстарда тең дәрежеде қатысып, жоғары орындардан көрінгіміз келсе, бізге білікті төрешілер тобы керек. Азияда төрешілерді дайындайтын орталық жоқ, біз сондай хабқа айнала аламыз. Сондықтан бұл мәселеге мемлекет тарапынан көңіл бөлінгені дұрыс, – деді Әсел Орынбасарова.

Баспасөз мәслихатының соңында Алматы қаласы бойынша мәнерлеп жүзуден аға жаттықтырушы Әйгерім Исаева спортшыларды дайындайтын бапкерлердің жетіспеушілігіне тоқталды. Жаттықтырушының айтуынша, осы салада спорттық мансабын аяқтаған спортшылар бапкерлікке бармайды. Оның себебі – жалақының аз болуы. Әйгерім Исаева бапкер бола алатын спортшылар

көбіне жалақысы жоғары фитнес орталықтарда жұмыс істеуді таңдайтынын атап өтті.

«Қазақстандағы әртістік жүзу – бұл жай ғана спорт емес, ол кедергілерді еңсеріп, дамуға апаратын жол. Біздің мақсатымыз – әркімнің осы эстетикалық спорт түріндегі өз әлеуетін ашуы және әлемдік турнирлерде елімізге атақ әкелуі үшін жаттығулардың қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету. Біз қоғамның, мемлекеттің және спорттың қауымның бірлескен күші-жігерімен спорттың осы түрін дамытып, халықаралық аренада жаңа биіктерге қол жеткізе алатынымызға сенеміз», – деп қорытындылады Әртістік жүзу федерациясының Алматы қаласы бойынша президенті Әлия Закария.

Айта кеткен жөн, еліміздегі мәнерлеп жүзу спортының негізі 1984 жылы қаланған. Осы жылы Алматы қаласының №20 БЖСМ директоры Гари Корноухов Украинадан жаттықтырушылар жұбы – Лидия Подгурская мен Владимир Кузнецовты жұмысқа шақырған. Оларға Қазақстанда мәнерлеп жүзуден команда құру үшін 4 жыл жұмыс қажет болды. Ал 1988 жылы КСРО чемпионатында Қазақстан командасы алғаш рет өз бағдарламасын көрсетті. Чемпионаттан кейін Қазақстан құрамасының төрт спортшысы резервке алынса, ал егіз Башкаевтар КСРО құрамасының негізгі құрамына кірді.



ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ



Күралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Ата-әжелеріміз жүріп өткен жолдағы ұлттық тәрбиеден ауытқып барамыз ба, соңғы уақытта отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылық дерегінің қатары көбейіп бара жатыр.



ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ

неге тыйылмай тұр?

Қыңыр қылық қыр асырмас

Бүгінде әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық мәселесі күн тәртібінен түспей тұрған өзекті хәм маңызды тақырыптардың біріне айналды. Бұрын бұл тақырып ашық айтылмайтын. Өйткені, біздің ата-бабамыз «бас жарылса – бөрік ішінде, қол сынса – жең ішінде» деген жазылмаған дала заңдарымен отбасындағы жанжалды біреудің білгенін жөн санамаған. Ал қазір қит еткен қыңыр қылық отбасы шеңберінде ғана қалып қоймай, қоғамда кеңінен талқыға түсе бастады. Өздеріңізге белгілі, қоғамды дүр сілкіндірген марқұм Салтанат Нүкенованың өлімінен кейін елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол бермеу шаралары қолға алынып, тіпті арнайы заң қабылданды. Бірақ сонда да қоғамда бұл мәселеге қатысты қылмыстық құқықбұзушылықтар азаймай тұр.

Әйеліне қол көтеріп, отбасының шырқын бұзатын қара күш иелері әлі де көп. Мәселен, осыдан бір апта бұрын әлеу-желіге тағы бір жан түршіктіреп оқиға жүктелді. Көріп-білгеніміз Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданында ер адам дүйім жұрттың көзінше әйелін пышақтап, ауыр халге түсірген. Жаға ұстатар жағдайдың қалай болғанын сол жердегі кездейсоқ куәгерлер ұялы телефонға түсіріп алыпты. Әйелін өлтірмек болған қылмыскер маңайына ешкімді жолатпай, қолындағы пышақпен көпшілікке де сес көрсеткен. Тіпті тәртіп сақшыларына да бағынбаған, бірақ кейін ұсталып, қамауға алынған.

Ал оның алдында Атырау облысы, Мақат ауданының экс-әкімі Ринат Ибрагимовтің әйелін тепкінің астына алып, омыртқасын сындырғаны туралы естігенбіз. Күні кеше ғана әйеліне әлімжеттік көрсетті деген айыппен Астана қаласының әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында ӘҚБТК-нің 73-бабының 1-бөлігі бойынша Марат Әйеновке қатысты іс қаралды. Ол да әйеліне әлімжеттік көрсетіп, экс-жұбайы Дана Әтешованы балаларымен қосып үйден күштеп шығармақ болған. Даулы оқиғадан соң сот шешімі шығып, әйелін балаларымен үйінен қуып шыққан Марат Әйенов 5 тәулікке қамауға алынды. Тағдырлары бүлініп, үрей мен қорқыныштың жетегінде өмір сүріп жатқан әйелдерді тізе берсең тізім жалғаса беретіндей...

Интернет тәрбиелеп жатыр

Деректерге сүйенсек, Қазақстанда отбасылық-тұрмыстық әкімшілік құқықбұзушылық 90%-ға көбейіп кеткен. Өткен жылы Қазақстанда тұрмыстық зорлық-зомбылықтан 69 әйел, 7 бала қайтыс болған. Қоғамды алаңдатқан мұндай қылмыстардың орын алуына не себеп? Оған кім кінәлі? Зерттеулерге көз жүгіртсек, отбасылық жанжалдарға негізінен құмар ойынға тәуелділік, маскүнемдік, жұмыссыздық, соған байланысты тұрмыс жағдайының ауырлығы сияқты әлеуметтік жағдайлар себеп болатын көрінеді. Байқайсыз ба, қазір көшеде, үйде, дүкенде, көлікте, тіпті ұйқыдан тұрғанда да қолымыздан телефон түспейді. Интернет қолжетімді бол-

КЕРЕК ДЕРЕК

Ағымдағы жылдың алғашқы бес айында Алматыда тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты **23** қылмыс тіркелген. Ал жалпы Қазақстан бойынша соңғы 7 айда тұрмыстық жанжалға қатысты **50** мың жағдай тіркелген. Арыз-шағымның **64** пайызына әкімшілік іс қозғалған. Ресми деректерге сүйенсек, елімізде жыл сайын **80** әйел таяқтың астында қалып тирандардың қолынан қаза табады екен. Ал күн сайын ішкі істер органдарына үйдегі жанжалға қатысты **300**-ге жуық хабарлама келіп түсетін көрінеді.

ҚР ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша 2022 жылы елімізде әйелдерге қатысты тіркелген тұрмыстағы зорлық-зомбылық оқиғаларының саны **61 277**-ге жеткен. Ал 2023 жылы барлығы **60 741** құқық бұзушы әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

ғаннан кейін шығар, сол құрылғыда көзін де, өзін де қызыға қарайтын көріністермен қоса, әдепсіз іс-әрекеттер де толып жүр. Сол бір құлаққа түрпідей тиетін бейпіл сөздер мен бейәдеп көріністер үлкендермен бірге бала-шағаға да ортақ. Демек, бізді интернет тәрбиелеп жатыр.

Қазақ үшін отбасы – қасиетті ұғым, қастерлі құндылық. Адам баласына берілетін тәрбиенің ең негізгі дінгеі де отбасында қалыптасады. Өке – отбасының тірегі, ана – сол шаңырақтың берекесі. Сондықтан жанұядағы тыныштық екеуіне де тікелей байланысты. Ал бала үйде көргенін істейді, естігенін айтады. Демек, қоғамдағы кез келген мәселе тәрбиеге келіп тіреледі. Бүгінгі бала ертеңгі бір үйдің отағасы, отанасы. Егер әкесі шешесін екі күннің бірінде тоқпаштап ұрып жатса, кейін ол үйде өскен ұл өзі үйленгенде «е-е, күйеу болу осылай екен ғой...» деп жұбайына жұдырық ала жүгірсе кімді кінәлаймыз? Ал анасының күнде таяқтан көз ашпай жылап жүргенін көріп өскен қыз, кейін осындай қорлыққа көнеді деп ойлайсыз ба? Демек, барлығы тәрбиеде. Балалар ата-ананы сыйлауды, әйел затын құрметтеуді кішкентай кезінен бойына сіңіріп өскенде ғана отбасында зорлық-зомбылыққа орын болмайтыны анық.

«Әйелді ұрма, сағы сынады...»

Бүгінде қоғам өмірін нәзікжандылардың еңбегінсіз елестету мүмкін емес. Қазір билікте де, бизнесте де, ғылым мен мәдениетте де қызмет атқаратын әйел-аналардың қатары көп. Таңның атысы күннің батысы бір тыным таппайтын жандар, үйдегі ұсақ-түйек қыруар тірліктің де ұйытқысы. Ерінің тапқан табысын берекелендіріп, қызметте абыройын асқақтатып жүрген де әйелдер.

Әулеттің ұрпағын жалғастыру, отбасының қамын ойлау, туысқандардың көңілін табу, реті келсе қызмет істеу... Міне, бұл қазіргі қазақ әйелінің бейнесі. Ендеше, үйін тазалап, бала-шағаға уақтылы тамағын беріп, жуылған киімдерді үтіктеп, арасында, түрлі тәттілер пісіріп, азаматының жағдайын жасап, балаларын ойнатып, сабағын оқытып, тізбектесең кете беретін үй шаруасының шашауын шығармай отырған әйел-аналар неге зорлық-зомбылықтың құрбаны болуы тиіс? Баяғыда әжем «әйел қырық шырақты, бірі сөнсе бірі жанады» деп айтып отырушы еді. Расында да, заты әйел демесеңіз, Жаратқанның сол нәзікжандыларға көрінбейтін қайрат беріп, жүктеген міндеттері аз емес қой. «Әлемді, жерді жап-жарық етіп отыратын екі нәрсе бар: біреуі – күн, екіншісі – әйел» дейтін ел аузындағы осы бір қанатты сөзден де нәзікжандылардың бүкіл болмысын көрсетпей ме? Әйел бар жерде береке бар. Әйел бар жерде отбасында тазалық, тәртіп бар. Әлбетте, үй болған соң ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайды. Кейде келіспей қалып, ерлі-зайыптылардың арасында реніш болып жататын кездер болып тұрады. Бұл барлық отбасында кездесетін жағдай. Ендеше, отбасы үшін бар күш-жігерін жұмсайтын нәзік жаратылыс иесіне қол көтеруге бола ма? Аялаудың орнына аямайтыныңыз не?..

2024 жылғы 15 сәуірде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресуге бағытталған заңға қол қойды. Жаңа заң әйелдер мен балаларға қатысты қылмыстар үшін жазаны күшейтуді көздейді. Осылайша бұрын ұрып-соғу және денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру әкімшілік құқықбұзушылық ретінде сараланып келсе, енді осы тектес қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілді. Жазаларға 80-нен 200 АЕК-ке дейін айыппұл, 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту және 50 тәулікке дейін қамауға алу жатады.

«Әйелді ұрма, сағы сынады, баланы ұрма, бағы сынады» деген ата-бабаларымыз әйелді де, баланы да ұрмай-соқпай-ақ ақылмен басқара білген. Ендеше, отбасы берекесін кетірмей, татулықта ұстауды есті азаматтар ескеріп жүрер. Иә, заманға қарай адам да даму керек. Бірақ ол біздің ата-бабамыздың өткен жолы мен тағылымын ұмыт деген сөз емес. Жаһандану процесінің жетегінде кетпеу үшін біз ұлттық тәрбиеге ерекше мән беруіміз қажет.

ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!

Әлімжеттік жасау, біреуді ұрып-соғу арқылы денсаулығына, өміріне қауіп төндіру, ар-намысына тию – мұның бәрі заң бойынша жауапқа тартылатын қылмыстық әрекеттер болып табылады.



МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚҚА ҰСЫНЫЛҒАН ШЫҒАРМА

Бауыржан Жақыптың есімін ең алғаш рет өткен ғасырдың сексенінші жылдарының басында, дәлірек айтқанда сонау 1983 жылы естігенмін. Онда да анау-мынау емес, сол кездің өзінде-ақ аты жалпақ елге әйгілі бола бастаған айтыстың ақтаңгері, жыр дүлдүлі Есенқұл Жақыпбековтің аузынан естідім.

Ол кезде мен Есенқұлмен КазГУ-дың әйгілі журфагінде бір курста оқитынмын. Бірге оқығанда да қолымыз қалт етіп босағанда, сол отыз шақты курстастардан бөлініп, көбінесе оқшау шығып кететін бір үйір едік. Бас қоса қалсақ, Есенқұл бастап біз қостап, сол баяғы жаңа жазған өлеңдерімізді оқимыз. Арамыздағы Есенқұлдың жасы бізден үлкен болғандықтан емес, оның сол кездің өзінде жалпақ елге айтыскерлігімен қоса ғажап ақындығымен де аты шыққан кез еді.



СЕН ЖАҚҚАН ОТ АБАЙДАН ҰШҚЫН АЛҒАН...

Сондай бір басқосулардың кезінде Есенқұл:
– Әй, жігіттер, мен кеше лапылдап тұрған Бауыржан есімді бір керемет ақынмен таныстым! – деді таңданысын жасыра алмаған шын риза көңілмен сөйлеп.

– Е, ол кім екен? – деп біз де елең ете қалдық.
– Ол әлі студент. КазГУ-де журфакта төменгі курста оқиды екен. Бірақ төгіліп тұрған туа біткен саф таланттың өзі! Адамға Құдай берейін десе бәрін бере салады екен-ау! Бойы ұзын, өзі тым көрікті, кез келген мен-мен деген керім бойжеткеннің бір көргеннен-ақ есі кететін аққұба жүзді жалындап тұрған жас. Ал өз өлеңдерін жатқа оқи жөнелгенде, кімді болса да баурап әкетерлік, – деп бір тоқтады да, әрі қарай сөзін жалғап:

– Өзі Семей жақтың тумасы, онда да Абай туған топырақтың өзінен екен. Әй, лапылдап тұр. Өлеңдерін-ай! Әсіресе, әсем табиғатты суреттеген бір өлеңін тыңдағанымда, ол туып-өскен керімсалы ескен ғажап өлкенің құшағына еніп кеткендей сезініп кеттім өзімді, – деп бәрімізді тағы бір тамсандырып алды да:

– Әй, одан ертең үлкен ақын шығады көр де тұр! Мен ақын танысам, ол саф талант-ау! Өлден-ақ жарқырап тұр. Шынымды айтсам, мен бір жақұт тауып алғандай қатты қуандым! – деді ол есіле де шешіле бізді де ынтықтыра сөйлеп. Оның сөздеріне біздер шүбәсіз сендік, өйткені Есенқұлдың бойында қай ақынның болмасын өлеңін тыңдап болғасын-ақ оның өресі мен ақындық деңгейін бірден шамалай қоятын қасиет бар еді.

Көп ұзамай-ақ Есенқұл тағы бір кезекті басқосуымызда жас Бауыржанды әкеліп, бізбен таныстырды. Шынында да лапылдап тұр. Кезек өлеңге берілді. Бауыржан сәл толғанып тұрып бастап кетті:

*Тербетіп Оңтүстікті, Арқаны үнмен,
Қазақтың қоңыр күйін тарта білген,
Алтайдан кең көсілген Атырауға
Сүйемін мен даламды жан-тәніммен!* –

деп, әуелгі шумақтарды оқи бастағаннан-ақ отала бастаған жас ақынның арыны бірден адуындай берді. «Менің далам» деп аталатын өлеңінің шумақтары жалынды үнмен осылайша төгіле берді.

*Ыстық ол – көдесімен, көкпегімен,
Жусанды, бетегелі бөктерімен,
Кетердей түрегеліп түйе-таулар
Дәл қазір көз алдымда шөккенімен.*

*...Ыстық ол – сортаңымен, сорларымен,
Өзенді қуа біткен жарларымен.*

*Қыр кезіп, сай қуалап байың таппай,
Желге еріп, көшіп-қонған қаңбағымен.*

Міне, қараңыз әншейінде қыр кезіп, сай қуалайтын, ұшарын жел, қонарын сай білетін туған жердің қаңбағының

да ыстық көрініп оны сағынуы қандай ғанибет! Бұл шын сағыныш, шын сүю. Туған жердің қаңбағының өзін қастерлей жырға қосу тек үлкен жүректі ақынға ғана тән болса керек. Ал бізге жыр оқып отырған Бауыржан ол кезде небәрі жиырманың ар жақ бер жағындағы мұрты енді ғана тебіндей бастаған өрім жас еді. Шыны керек, бұған дейін мен қаңбақтың өзін сағынған ақынның өлеңін оқып көрмеппін.

*Қосылған емен-жігіт тал-қызымен,
Жыланыш, түйетабан, жалбызымен.
Құлқайыр, итотшаған, киікоты,
Сүттіген, атқұлағы, ханқызымен, –*

деп, енді бірде әсем өлкенің гүл әлемі туралы шумақтар бірінен соң бірі құйыла жөнелгенде, көз алдымызға қазақтың жасыл жайлауының көрінісі бір елестеп, жаз жайнаған жайлаудан ғана шығатын хош иісі кеудемізді кере аңқып өткендей күй кештік және жап-жас ақынның

сол кездің өзінде біз біле бермейтін дала гүлдерін бірінен соң бірін шұбыртып тізіп өтуі әрине таңқаларлық еді.

*Келбеті Айға ұнаған, Күнге ұнаған,
Жазықты, таулы далам, құмды далам.
Қосылып кетсе болды саздарыңа
Менің де құлын даусым құлдыраған, –*

деп ерекше бір перзенттік леппен өлең аяқталғанда тыңдап отырған бәріміз де: «Әй, керемет!», «Жарайсың, күшті өлең екен!» десіп, оның қолын қысысып жаттық. Сол күні осылайша көңіл бір серпіліп «шалықтап, шалқып» қалып едік. Шынында да дәл сол кездегі албырт ақынның «Құлдыраған құлын дауысы» қазақтың байтақ даласын шарлап кеткендей болды.

Келесі бір басқосуда тағы да Бауыржанды кеу-кеулеп өлең оқыттық. Есенқұл суреттеген сұлу да балғын жүзінен сәл ұяңдығы байқалып тұрса да бәлсінген де жоқ, іркілген де жоқ, өзіне тән биязы мінез, жағымды үнімен оқи жөнелді.

*Бір сәтке әже тынышып па ең –
Шүйкеге мол жіп жиылып,
Отырушы едің ұршықпен
Уақытты қоса иіріп...*

Әжеге деген аңсау мен сағынышқа толы сәбилік сезімнің тереңінен шыққан өлең жолдары жүрек тербетер жағымды бір қоңырқай дауыспен сылдырап аққан бұлақ қайнарының бүлкіліндей лықси ақтарылып шыға берді. Бәрімізді баурап ала жөнелді. Бәріміз де ұйып тыңдап қалыппыз.

Бәріміз де әп-сәтте ауылдағы қазақы тірлікке еніп кеттік. Көз алдымызда бәріміз көріп өскен, бәрімізге етене таныс зырылдап жіп иірген ұршық, кимешекті әже.

*Өзімді сонда жұбаттып,
Өмірге иштей күйінгем.
...Ұршық қой мына Уақыт
Жіп қылып бәрін иірген, –*

деп, сол қоңырқай дауыс үздігіп барып тоқтағанда, сілтідей тына тыңдап қалған біздер бұл жолы да «пай-пайласып» Бауыржанның қолын алып жаттық.

Иә, бұл кейін талай ақын мен қарапайым оқырмандар тамсана оқып жаттап, ауыздан-ауызға өткен нағыз классикалық деңгейдегі әйгілі «Әжемнің ұршығы» атты өлеңі еді. Жап-жас сымбатты Бауыржан өзінің мінсіз сұлу жырларымен қазақ поэзиясы әлеміне жарқырай енгенін және солай жарқырай жүріп үлкен ақынға айналатынына біз сол кезде-ақ шүбәсіз сеніп тарасып едік, солай болды да.

Бір кезде өзі айтқандай құлын дауысымен сүйе жырлаған даласының өсе келе адамдар салған қасіретін терең сезініп, «Жан дауысымен» жырлады. «Дегелең тауының зары болып» күрсінді, «Қураған тоғайы» болып сынсыды, «Боз даласы» болып боздады, «Тартылған өзені» болып ындыны кепті, уілдеген «Желінің жоқтауына» қосылды. Түбі барып өзі тамыр алған ұлы Абаймен қоса мұңдасып:

*«...Көрінбейді көзіме
Көк шалғын, көкорайлар.
Көзіме оттай басылған
Жидебайда жиде жоқ.
Ақ қанатты үй де жоқ.
Желтілдетіп түндікті
Шертілетін күй де жоқ.
Барады ағып қара жер,
Күнге жеккен күйме боп.
Әзірейіл-жарылыс
Кеудесінен жан алған,
Құлазиды сар дала
Байлығынан тоналған!», –*

деп дана Абайдың руһын оятады.

Адамдардың қатыгез қолымен жасалып, адамзат тартқан қасіретінің енді қайталанбауын Алла әу баста имандылық нәрін құя жаратқан ақындық жүрегімен жан дауысын шығара жырлайды. Міне, халықтың ұлы екендігінің, талантты үлкен жүректі ғалами Ақын екендігінің бұлтартпас айғағы.

Ендеше, бүгінде алпыстың асқарына шығып, ақындығын әлем танып, туа біткен алып тұлғасы заңғарға айналып, алыптана түскен Бауыржан Жақыптың биылғы жылы Абай атындағы Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылып отырған «Білте шамның жарығы» атты жыр жинағының бұл сыйлыққа толық лайықты екенін айтқымыз келеді.

**« ...Мен жаққан от
Абайдан ұшқын алған,
Әуезов боп әуелі
Құшты жалған.
Мағжан болып санаға
Сәуле шашып,
Одан сайын маздаған күшті жанған...», –**
деп аталған жинағында өзі жырға қосқандай, Абайдан ұшқын алған өлеңмен жаққан отың лаулай берсін, еліңді тек жылуына бөлеп алаулай берсін демекпін!

Шаяхмет АЛЖАМБАЙ,
ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,
Халықаралық және Республикалық конкурстардың иегері.



МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚҚА ҰСЫНЫЛҒАН ШЫҒАРМА

«АДАМНЫҢ БІР ҚЫЗЫҒЫ БАЛА ДЕГЕН...»

Ұлт тірегі, алтын арқауы – ұрпақ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өткен екі жылды қатарынан «Балалар кітабының жылы» деп жариялағаны жәмиғаттың есінде. Мемлекет басшысы балалар кітабына (әдебиетіне) неге ерекше назар аударып отыр? Балалар әдебиеті – мемлекет құрушы һәм құраушы ұлттың ұрпағын тәрбиелейтін әдебиет! Ұрпақ тәрбиесі ұрпаққа арналған рухани қазына арқылы жүзеге асады. Балалар әдебиеті – бүгінгі жасөспірім, жас өркенді Отанын, ұлтын сүйуге бастайтын, ертең өмірге келетін сәбилерді тіршілік сырына баптайтын, бесіктен мәпелейтін рухани уыз. Осы тұрғыдан алғанда, балалар әдебиеті – болашақтың әдебиеті деуге болады. Президенттің игі бастамасы да, сол бастаманы бетке ала жазылып, жарық көрген маман сыншы Құлбек Ергөбектің «Адамның бір қызығы бала деген...» сын кітабы да осындай ұлт алдындағы ұлы мұраттан туындаған қастерлі іс дер едік.



келе жатқан жолын нақты мысалдарға жүгініп, сұлулыққа жүгіндіріп айту, дәлелдеу, саралай талдау – балалар әдебиетінің стихиясын жете меңгерген маман сыншы Құлбек Ергөбектің қарымына келіпті, қаламынан табысты өріпті.

Балаларға поэма жазуға бола ма? Бұл сұраққа жауап беру үшін сыншы бір кілтипанды ашып алады. БАЛАҒА ЖАЗУ. БАЛАҒА АРНАП ЖАЗУ. Сыншының дәттете сөйлеуіне қарағанда, балалар әдебиеті осындай екі сипаттан тұрса керек. Мағжан Жұмабайұлының XX ғасыр басында жазған «Жүсіп хан» аталатын ертегісі бар. Оны сыншы поэма ретінде қарастырады. Полифониялық қыртыстылығын да ескеру керек. Шын көркем шығарма жалаңқабат болмайды. Шын көркем шығарманың қыртысы қос-қабат келеді. Мағжан ақынның «Жүсіп ханы» балаларға арналған кәдімгі ертегі. Сюжет желісі, образ табиғатына қарай поэма деп тануға болады. Бұл шығарманың бірінші қабаты. Ханның қанқұйлы зұлым әрекеті балаға түсінікті. Ал оның сталинизмді сынайтын астары – шығарманың астыңғы қабаты! Түптілға – Иосифті (Сталинді) – Жүсіп етіп алып, кеңестік кезең ащы шындығын ашып беру – бала ала алмайтын, бала оқырман қабылдай алмайтын философиялық қабат. Бейімбет Майлиннің «Өтірікке бәйге» ертегісі таза балаларға арнап жазылған күлдіргі ертегі поэма.

Осы екі мысалды алға тарта отырып балаға поэма жазуға болады дейді сыншы. Литваның ақыны Э.Межелайтисінің бала күнделігінен философиялық поэма жазғанын да дәлелге келтіреді сыншы. Осындай әдеби тәжірибе, нақты үлгілерді мысал ете отырып қазақ балалар әдебиетінде туған поэмаларды талдайды. Сыншы жүйесіне сенсек қазақ балалар әдебиетінде «ертегі поэма», «мысал поэма», «реалистік поэма», «фантастикалық поэма» үлгілері бар екен. Осы арада мына бір ақиқатты айта кетелік, Құлбек Ергөбек балалар әдебиеті тарихы мен сынының еліміздегі бірден бір құлдай құлдыраңдаған білгір маманы.

Құлбек Ергөбектің Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған «Адамның бір қызығы бала деген...» – балалар әдебиеті сын кітабы бүгінгі, ертеңгі ұрпақ үшін рухани уыз бола ала ма? деген сұраққа жауап іздегенде, болады деген байламға келдік.

Қазақ балалар әдебиеті қайтсе көркейеді – деп шыншыл сөйлеп, шырылдап жүрген сыншы еңбегі табысты. Сыншы айтқан толғам-толғам ойлар көптің көкейінен шығады. Тек көрер көз көріп, естір құлақ – естіп, қазақ балалар әдебиеті дамуына жағдай жасалғай! Тәуелсіздігін алып, есін жиған қоғамның ертеңін ойласақ, солай болуға тиісті. Өйткені, сыншы айтқандай, «бүгінгі бала – қоғамның ертеңі!».

Балалар әдебиетін өсірейік, өркендетейік деп жатамыз. Бірақ кәделі сыйлықтар кезінде балалар әдебиетін ұмытып кете береміз. Әдебиетті сын өсіреді. Саланы саралап талдайтын сын да балалар әдебиеті. Балалар әдебиеті сыны – бұрын-соңды Мемлекеттік сыйлық алып көрген емес. Осы пайым биігінен қарасақ, сараман сыншы Құлбек Ергөбектің «Адамның бір қызығы бала деген...» кітабы Мемлекеттік сыйлыққа әбден лайықты.



дәстүрінде ғана емес, түрік халықтары әдебиеті үлгісінде осы сұрақтарға сыншы жауап іздейді. Ақындар шығармаларын талдай отырып, сол сұрақтарға жауап береді.

Сыншы байыпты талдау форматында қарастыратын тағы бір жанрлық үлгі – тақпақ. Бұрын баласын қазақ қандай тақпақ үлгісімен тәрбиелеген? Бүгінгі қазақ балалар поэзиясындағы тақпақ қандай үлгіде? Жанрлық ерекшелік қандай, өзгеріс айырмашылық сипаты? Осының бәрін маман сыншы Фольклор, Ы.Алтынсарин, Ө.Тұрманжанов, Ж.Смаков, Қ.Мырзалиев, А.Сәрсекев, Г.Юнусова (башқұрт), Р.Корбан (татар) мысалдарында қамырдап қыл суырғандай етіп әдемі әңгімелеп талдайды.

«Адамның бір қызығы бала деген...» сын кітабында сұрау салып ізделетін, түрік халықтары әдебиетіндегі нұсқалар салыстырылып сараланатын жанр – жұмбақ. Халық жұмбағы «Аспаннан күбі түсті, Күбінің түбі түсті» (Найзағай). Бар болғаны қос жол. Жұп-жұмыр. Сыншының салыстыруына қарағанда осы бір ғана жұмбақ барша

түрік халықтары әдебиетінде бар екен. Сәтті салыстырулар. Қазақ балалар әдебиетіндегі бүгінгі жұмбақтың жағдайы қалай? Сыншы пайымдауында, Жақан Смаков жұмбақ жаратуда жүйріктің жүйрігі! Жақан Смаков жазған, жаратқан жұмбақтар – үздіктің үздігі! Жақан ұстазы саналатын Өтебай Тұрманжановта да жоқ мұндай үздік үлгі. Жақанмен қанаттас қанат қағып қаламдасқан Қадыр Мырзалиевте де жоқ мұндай үздік үлгі. Жақанды, Жақаннан бұрын, тақырыптық жинақтау жөнінен Қадырды алға ұстар үлгі еткен – Өтепберген Ақыпбекұлы да бар болып шықты. Жанрда ілгерілеушілік бар. Бірақ біраз жұмбақтың ақындарымыз бағзы жұп-жұмырлықтан айырылып қалыпты.

Бүгінгі балалар өлеңі. Бұрынғы балалар өлеңі – бірыңғай дидактика. Сәл жұмсартып айтсақ, бұрынғы балалар өлеңінде дидактикалық сарын басым. Бүгінгі балалар өлеңі суретті, баланы кейіптеуге, мінездеуге құрылады. Көркемдік құралдар балалар өлеңіне мінез дарытады. Мінезсіз өлең бүгінгі баланы баурай алмайды. Күлкі шуағына бөлейтін юморлық өлең табиғаты бір басқа. Жақсыға үндейтін лирика, жаманнан жирендіретін мазактама. Міне, балалар өлеңі өсіп, өркендеп түрленіп жеткен жері. Дидактикалық сипатын тақпаққа сыйлап қалдырған өлең жанр ретінде қалай құбылған, қалай құлпырған десеңізші!

Бір жанрдың өзгеріс, өзгешеліктерге қалай ұшырап, ұштала-ұштала жүріп өтіп

азаматтыққа үндеу сарынды халықтық «Бесік жыры» күні кешеге дейін бесікте үілдеп жататын сәбиге, емізе отырып ана аузымен ерекше мақам сазбен айтылатын. Замана сипатымен жаңарған, жаңғырған бүгінгі заманауи «Бесік жыры» поэтикалық жұп-жұмыр сымбатына, шып-шымыр табиғатына қарамай, бүгінгі аналар тарапынан сәби санаға сіңірмейді. Сіңбейтіні, бүгінгі аналар «Бесік жырын» айтпайды. Бүгінгі күні тіпті баланы бесікке бөлеуден де безініп болды. «Бесік жыры» балалар өлеңінің бір үлгісі ретінде өнерде әлімсақтан бар. Ұшталып, жетіліп келеді. Өкініші «Бесік» те, жаңа форматты дәстүрлі «Бесік жыры» да өмірде жоқ. Балалар өміріндегі осы кері құбылыс этнографиялық (тіпті демографиялық) сипатта бедерленеді. Бабаларымызды бала ретінде тәрбиелеген «Бесік жырының» дәстүрлі тақырып ретінде бүгінгі балалар поэзиясынан алатын орны, өкініш аралас әдеби мәселе ретінде талданады. Бесіктің өз басы – этнографиялық пән ретінде байырғы ібір-сібір жұртында, түрік тайпаларында, тіпті Мид секілді Американ ғалымы еңбегіне сүйене отырып, Африка құрылығында өмірде қалай тұтынылды? Соған дейін қиял қыдыртып барады. Бала тәрбиесінің басты жыры – «Бесік жыры» бүгінгі түрік халықтары әдебиетінде қалай өріс ашып, қандай көркемдік нақышпен жырланып келеді? Бір ғана қазақ балалар ақындары поэтикалық

Балалар әдебиеті сынын сараптау үшін алдымен «Балалар әдебиетінің өзі не?» деген сұраққа жауап беру керек шығар. Сұрақтың тамырын тану үшін маман сыншыны тыңдайық:

«Балалар әдебиеті – белгілі бір ұлт әдебиетінің бастау бұлағы. Олай болатын себебі, бала – адамзаттың алғашқы саналы жемісі. Олай болатын себебі, кез келген ұлт, әулет баладан өседі. Әулет дәулетке (ұлтқа) айналады. Әулет тұтас қоғамды құрайды. Қандай бала – сондай қоғам. «Человечество будет таким, какими мы выростим своих детей» дейтін Наталя Сац (Соғыс жылдарында Қазақстанға ығысып келіп, алғаш жастар театрын құрған Н.Сац) Олай болса, бала – қоғамның басты байлығы. Өсемін деген ұлт ұрпағын өсіреді. Ұрпағын көбейтеді. Өсемін деген қоғам бала деп өбектей білуі керек. Келешекті ойлаған мемлекет – балаларға жағдай жасауға тиісті. Өйтпеген жағдайда қоғам келешегі күңгірт. Олай болмаған жағдайда – ұлт келешегі үмітсіз. Олай болмаған жағдайда мемлекет келешегі де болмайды. Біздегідей қоғам мемлекетке емес, мемлекет қоғамға, қоғамның бүгінгі баласына қызмет етуі керек. Бұл түптеп келгенде, қоғамның ертеңгі болашағына қызмет ету деген сөз! Балаға не керек? Алдымен, ана сүті, аздан кейін бала тағамы, әрі қарай қажетті керек. Ол шүкір, біздің қоғамнан табылады. Біз айтып отырған жағдай саналы адамның баласына ғана емес, санасыз хайуанатқа да тән. Ал саналы адам баласына (ұрпағына) рухани уыз керек. Руханият қай жастағы адамға да қажет. Ал біздің кішкентай келешегімізге тек рухани уыз керек. Өйткені, кішкентай бөбек өзіне қандай руханият игілігі керегін өзі талғай, өзі таңдай алмайды. Оны талғап, таңдап беретін ата-ана, тіпті тұтас қоғам болуы керек. Оны баршаға бірдей тілмен әдебиет атаймыз. Әдебиет жалпы ұғым. Оның ішінен біздің балғын жасқа талғап ұсынарымыз – балалар әдебиеті аталады», – дейді.

Сөйтіп, сыншының Отанымыздың бас сыйлы сыйлығына ұсынылып отырған «Адамның бір қызығы бала деген...» атты сын кітабы – балалар әдебиетінің пәнін анықтау, ол сыншыл ғалым берген байламмен басталады екен.

Жанрлық талдау мақалалары кітаптың мол бөлігін алып жатыр. Жанрлық талдау? Ол қандай?

Бүгінгі ақындар «Бесік жырын» жырлай ма? Бұрынғы халық туындатқан «Бесік жыры» мен бүгінгі ақындар өлең форматында жазатын «Бесік жыры» арасындағы тақырыптық (органикалық) бірлік, жанрлық айырым ерекшеліктер неде? Сыншы осы сұрақтарға жауап іздейді. Яғни балалар әдебиетінің бастау басы кешелі беріден емес, ұлтпен бірге жасасып келе жатқанын тасқа басқан таңбадай таратып, барды баяндайды.

Отаншылдық пафос, батырлыққа баулу,



Әйгерім САПАРБЕКҚЫЗЫ, олигофренопедагог-логопед:

БАЛАҢЫЗ ДҰРЫС СӨЙЛЕЙ МЕ?

Сәби тілінің кішкентай кезінен анық болуын қадағалаған жөн

Соңғы уақытта балалардың дұрыс сөйлей алмауы, дыбыстарды анық айтпауы өзекті мәселенің біріне айналып отыр. Тіпті, ересектер арасында да осындай дерт белең алған. Әсіресе, өнер иелері немесе теледидар жүргізушілері дұрыс сөйлемей жатқанын көргенде, бұл дерттің дендеп бара жатқанын байқайсыз. Өзекті мәселеге айналған тіл мүжістігінің қалай алдын алуға болады? Оның жолдары қалай деген сауалды олигофренопедагог-логопед Әйгерім САПАРБЕКҚЫЗЫНА жолдап, әңгімеге тартқан едік.

Бұл ретте мен айтар едім, баланың тілі тез және дұрыс шығуы үшін үлкендер әр қимылын, ойын дауыстап айтып түсіндіріп отыруы керек. Шыны керек, қазіргі кезде балаларға көбіне үлкендердің әңгімелесіп, тілдесуі жетіспей жатады. Менің бір байқағаным, баласы керек нәрсесін қолмен көрсетсе немесе ымдаса болды, ата-анасы бірден оны қолына ұстата қояды. Бұған бала да үйреніп алады. Сосын келешекте не керек екенін айтпай, жылап отырып алатын болады. Өйткені, ата-анасы қажетін үнсіз түсініп жатса бала сөйлеп қайтсін? Міне, сондықтан балаға сұрақтар қою арқылы сөзге тарту керек. Бұл баланың тілінің дұрыс шығып, әрі сөздік қорын молайтудың бір жолы. Осы арада тағы бір айта кететін мәселе – ұсақ моториканы дамытып отырған жөн.

Жалпы, ғылыми зерттеу дәлелдегендей, саусақты қимылдату мидағы сөйлеу функциясына жауапты тітіркендіреді. Қазіргі кезең солай қалыптасып жатыр ма екен, тілі кеш шығатын немесе әріптерді анық айта алмайтын балалар өте көп. Сондықтан дәл осы мәселемен хабарласып жататын ата-аналар да жетерлік. Алғашында кез келген ата-ана баласының дұрыс сөйлемейтін еркілік деп қабылдап, сосын көп уақытын өткізіп алады. Тіпті, әкесі де немесе анасы да бала кезінде осылай кеш сөйлеген деп салғырттыққа салынындар да бар. Әрине, бұл өте қате түсінік.

– Баланың тілі дұрыс дамымаса қандай әдіс-тәсіл қолданған жөн?

– Әрине, баламен тек маман ғана емес, ата-ананың да жұмыс жүргізгені абзал. Мәселен, сөйлеу тілі дұрыс дамымаған балалармен жұмыс жүргізуде әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолдануға болады. Әсіресе, артикуляциялық жаттығуды қазір кеңінен қолданып жатыр. Ол – сөйлеу тілі аппаратының бұлшық еттерін шынықтыратын, оның мүшелерінің қимыл-қозғалыстарын қалыптастыратын және нығайтып, жетілдіретін арнайы іріктеліп алынған жаттығулар. Бұған қоса, түзеу жұмысында белсенді қолданылатын логопедиялық массаж және өзін-өзі уқалауға үйрету де артикуляциялық бұлшық еттердің тонусын тез қалпына келтіруге және үйлесімді артикуляциялық қимылдарды қалыптастыруға көмегі тиеді. Сонымен қатар, тыныс алу жаттығуларының да пайдасы зор. Бұл жаттығу аса қиын да емес.


Мәселен, тыныс шығару, үзіліс және тыныс. Маман ретінде айтарым – бұл жаттығуларды көбіне логоневрозы бар балаларға жасатқан дұрыс. Баланың тілінің дұрыс шығуына дидактикалық ойындардың да көмегі зор. Балалар дидактикалық ойын арқылы ойлайды, бір-бірімен сөйлеседі. Көбіне дидактикалық ойындар балалардың бағытталған және ортақ іс-әрекетін ұйымдастыруға негізделеді. Ғалымдардың зерттеуінше, мұндай ойын барысында бала еш мәжбүрсіз, байқамастан қажетті білім алады. Сонымен қатар, балалар ойын тапсырмаларын орындап, қызыға көңіл бөледі. Ойын барысында жасырғанды табу, қайталап айту, бір затты атау сияқты ойын тапсырмасын дұрыс шешуге көңіл бөледі. Логопедиялық сабақтардағы дидактикалық ойын барысында балалар асықпай сөйлеуді үйренеді, дыбысты айтуға шыңдалады, әрі сөздік қоры молаяды. Балалардың тілінің дұрыс шығуына музыканың да көмегі зор болады. Өйткені, бала музыканы тез қабылдауға бейім келеді. Сондықтан есту зейіні мен фонематикалық естуін дамыту үшін музыкалық, дидактикалық, қимылдық ойындардың да маңызы зор. Бұл да баланың дұрыс сөйлеуіне өзіндік пайдасын тигізеді.

– Сізге тағы бір сауал қойғым келіп отыр. Жалпы, бала қай жасқа дейін толық сөйлеуге тиіс? Тілі кеш шығатын балалардың ата-анасына маман ретінде қандай кеңес берер едіңіз?

– Көбіне, ата-аналар баласы бірден асса болды, неге сөйлемейді деп уайымға салынады. Бұл – дұрыс емес. Кез келген бала 6 жасқа дейін барлық әріпті толық айтуы тиіс. Дегенмен, ата-аналарды да түсінуге болады. Өйткені, қазіргі кезде тілінің ақауы бар балалардың тым көбейіп бара жатқаны жасырын емес. Оған қоса, көбіне ата-аналар кеш қимылдап жатады. Баланың дұрыс сөйлемейтін мән бермейді. Көбіне «өзі осылай еркелеп сөйлейді, кейін қояды ғой» деп уақыт өткізіп алады. Негізінен, сөйлеуінде кедергі, ақауы бар балаларды 3-сыныпқа дейін логопед мамандарға көрсетсе, түзеліп кетеді. Ал кей жағдайда логопедтің жұмысынан кейін де баланың сөйлеген кезінде әріптері дұрыс болмаса, ондай жағдайда сөйлеу кемістіктерін түзетін арнайы мектептерге берген жөн.

Ата-ана ретінде балаңыздың болашағына алаңдасаңыз, онда баланың дұрыс сөйлеуін, жалпы тілінің дұрыс қалыптасуына тереңірек мән беріп, сәби тілінің кішкентай кезінен анық болуын қадағалаған жөн дер едім. Өзімнің тәжірибеме сүйенсем, уақыты өтіп кеткен баланың тілін түзеу кәсіби маманға да оңайға түспейді.

IMO–2024



ОҚУШЫЛАР ОЛЖАМЕН ОРАЛДЫ

Еліміздің алғыр балалары жазғы демалыстарының өзін ізденіске арнап, білім бәсекелерінде бақ сынауға арнап жатыр. Міне, қазақстандық оқушылар тағы да олжамен оралып, IMO-2024 халықаралық математикалық олимпиадасында бес медальді жеңіп алып отыр.

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің ақпаратынша, Ұлыбританияда өткен 65-ші Халықаралық математика олимпиадасына қатысқан Қазақстан құрама командасы бес медальді иемденген.

Аталмыш олимпиада әлемдегі ең үздік IPHO, IBO, IOI, IChO, IGeO IOL сынды олимпиадалардың қатарына жатады. Осынау жарыста Шарел Марғұлан – Жамбыл облыстық дарынды ер балаларға арналған мамандандырылған «Білім-Инновация» лицей-интернатының 10-сынып оқушысы (2-орын), Әмірлан Аманжолов Алматы қаласындағы Республикалық физика-математика мектебінің 10-сынып оқушысы (2-орын), Мирон Юркевич – Алматы қаласындағы Haileybury Almaty халықаралық мектебінің 11-сынып оқушысы (2-орын), Жан Даутов – Қостанай облыстық дарынды балаларға арналған «Білім-Инновация» лицей-интернатының 11-сынып оқушысы (3-орын), Владимир Роговский – Павлодар қаласы дарынды балаларға арналған №8 лицей-мектебінің 11-сынып оқушысы (3-орын) бәйгені жеңіп алса, Алматы қаласындағы Республикалық физика-математика мектебінің 10-сынып оқушысы Дінмұхамед Егеубаев Мақтау грамотасына ие болды.

ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫ

ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

Қазақстанда жоғары оқу орындарына қабылдау комиссиясы өз жұмысын бастады. Қабылдау комиссиялары сенбі-жексенбі күндері де жұмыс істейтін болады. Демалыс екеніне қарамастан комиссиялар грант конкурсына өтінім қабылдап отыр.

Мемлекеттік грант конкурсына қатысу үшін талапкерлер кез келген ЖОО базасында құжат тапсыра алады. Кешелі бері грантқа түскен өтінім саны 19 774 болды. Бұл – кеше кешкі 19.00 кезіндегі ақпарат. Бұл сан әлі өсе беретіні анық. Мұның ішінде 17 909 өтінім ұлттық тестілеу орталығы арқылы берілген. 1865 өтінім – электронды үкімет арқылы.

Талапкерлер мен ата-аналарға ыңғайлы болу үшін қабылдау комиссиялары демалыс күні де толық жұмыс істеп жатыр. Құжаттар бұрынғыдай дәстүрлі форматта қабылданады. Сонымен қатар, жақын арада электронды форматта да қабылдана бастайды.

Биыл бакалавриатқа түсу үшін 79 мыңға жуық грант бөлініп отыр. Барлық гранттың 60 пайызы техникалық мамандықтарға бөлінді.



Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



– Әйгерім Сапарбекқызы, бала тілінің дұрыс шықпауы неліктен үлкен мәселеге айналып отыр? Осы мәселеге кеңірек тоқталсаңыз...

– Иә, маған осы мәселемен көптеген ата-аналар шағымданып жатады. Олардың кейбірі баласының мектепте оқып жүрсе де, әріптерді дұрыс айта алмайтынын айтады. Өттең-айы, бұл дерт қазіргі кезде үлкендер арасында да кездесіп қалады. Неге десеніз, ауылда тілдің мүкісін жөндейтін маманның тапшы екені. Кезінде өзіміз де ауылдан шықтық. Сол кезде дәл осындай тіл кемістігі деген бола бермейтін. Өйткені, отбасында қарым-қатынас болды. Балалар оқығанын, көргенін айтатын. Ата-аналар да баламен шүйірлесіп отыратын.

Ал қазір ше, тілі қазақша шыққан ауыл балаларының арасында да «ң» әрпін айтуда қиындықтарға кезігіп жатыр. Ата-ана мұның шешімін іздеп, баласының болашағына, дұрыс сөйлеуіне алаңдап, маманның көмегіне жүгінуді жөн санайды. Сондықтан да жақсы логопедті шамшырақ алып іздейді. Логопед әр баламен жеке жұмыс істеп, әріптерді дұрыс айтуына көмектеседі. Шыны керек, отбасында орысша сөйлесу де баланың қазақша әріптерді дұрыс айта алмауына әкеліп соқтырып жатыр. Өйткені, тілі орысша шыққан бала қазақ балабақшасы немесе мектебіне барғанда аталмыш мәселемен бетпе-бет келеді. Көп жағдайда дефектолог мамандар балалардың қазақ әріптерін айта алмауы мен дұрыс сөйлей алмауының ең басты мәселесі – баланың орысша араластырып сөйлеуінде дейді.

Бұл сөздің де жаны бар. Өйткені, енді ғана тіл меңгеріп келе жатқан бала ұқсас әріптерді айыра алмай, осыдан келіп мәселе туындайды. Қала мектептерінде қазақша оқыған балалардың кейбірі үйіне барғанда орысша сөйлеседі. Немесе оның ортасы орыстілді болуы мүмкін. Кейбір ата-аналар балаларын балабақшаға орыс тобына береді, ал мектепке қазақ сыныбына береді. Содан бала шатасады, «н» мен «ң»-ды ажырата алмайды, қазақ тіліне тән дыбыстарды айта алмай жатады. Балалар орысша ойлап тұрады, оны қазақша жеткізе алмайды. Баланың сөйлеу тілі, дыбыстауы дұрыс қалыптасуы үшін балабақша, бастауыш сыныптан бастап ұ, ү, і, ө, ң деген әріптерді жиі қайталатып, айтқызып, санасына сіңіруіміз керек.

– Жалпы, баланың тілі дұрыс шығуы үшін не істеу керек?

– Иә, көп жағдай өзімізге байланысты. Жас аналар аяғы ауыр кезінен бастап, өзін қолға алу керек. Маған да жас аналар жиі хабарласып, «баланың тілі дұрыс шығу үшін ата-аналарға қандай кеңес айтасыз?» деген сауал қояды.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді **aqshamnews.kz** сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 5 айға – 2680,60 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 5 айға – 3680,60 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 5 айға – 1680,60 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ҚАНЫШ СӘТБАЕВ – 125



«QANYSH SÁTBAEV. 125 JYL»

коллекциялық монеталары айналымға шықты

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РМУ Алматы қалалық филиалы 2024 жылғы 24 шілдеде «Есте қалатын оқиғалар мен біртуар адамдар» сериясынан QANYSH SÁTBAEV. 125 JYL коллекциялық монетасының сатылуы туралы хабарлайды.

Номиналы 2000 теңгелік монетада марганец рудасының, минералдың түсін білдіретін күрән қызыл түске не тантал сақинасы бар. Бұл ірі кен орнын Қ.Сәтбаев Жезді ауылының маңында тауып, игерген. Марганец Ұлы Отан соғысы кезінде броньды техникаға арналған болат қорытпалары өндірісінде кеңінен қолданылып, КСРО-ға марганец кенінің 70%-дан астамын беріп отырған.

ЖАРНАМА

Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру

«Алматы электр станциялары» АҚ ҚР ЭК 96-бабының талаптарына сәйкес 2024 жылдың 28 тамызында, сағат 11.00-де «Алматы қ., 7-көше, 130-үй мекенжайындағы 2-ЖЭО «АлЭС» АҚ аумағындағы химиялық цехтың акт залында (307-каб.) 2-ЖЭО үшін «Рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы және Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы» бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулардың өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық <https://ecoportal.kz/> порталында, сондай-ақ Алматы қ. Экология және қоршаған орта басқармасының сайтында танысуға болады.

Учаскенің географиялық координаттары – 43,2389 с.е. және 76.8490 ш.б. және әсер ету аймағының географиялық координаттары Алатау ауданы – 43.3004 с.е., 76.8353 ш.б.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей, сондай-ақ Алматы қ., Республика алаңы, 4 мекенжайы, +7 777 068 56 38 тел., u.prip@almaty.gov.kz электрондық мекенжайы бойынша қабылданады.

Төтенше жағдайдың және (немесе) шектеу іс-шараларының, оның ішінде карантиннің, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ-ның енгізілуі жағдайында қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі.

Белсенді сілтеме Бірыңғай экологиялық порталда және Алматы қ. Экология және қоршаған орта басқармасының сайтында ұсынылатын болады.

Интернеттегі байланыс сілтемесі: <https://us05web.zoom.us/j/88312344944?pwd=miHNYNkAEyYUkWyTaPWABbNAsIzndG7.1>

Койнеренция идентификаторы: 883 1234 4944

Коды: 0hшuуq

Бастамашының деректемелері: БСН 060640001713, Алматы қ., Медеу ауданы, Достық даңғылы, 7, байланыстағы тұлға: Арзюкова Зоя, e-mail: zarzyukova@ales.kz, 8 (727) 254-03-27, 254-03-29.

Әзірлеушінің деректемелері: «ҚазЭкоаналитика» ЖШС, заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Есенов көшесі, 13-үй, 36 пәтер, БСН 130140014396, байланыс тұлғасы: Абдраманов Шери Айдарбекович, тел.: 8 747 221 05 06.

Қосымша ақпаратты zarzyukova@ales.kz электрондық мекенжайы және 8 (727) 2543-27, 254-03-29 телефондары арқылы алуға болады.

МОНЕТАЛАР:

– биколорлы (дискісі – 925/1000 сынамалы күмістен, массасы 34 грамм, сақинасы – танталдан, массасы 40 грамм), монетаның массасы – 74 грамм, диаметрі – 50 мм, сапасы – proof, номиналы – 2000 теңгелік, таралымы – 300 (үш жүз) дана;

БИКОЛОРЛЫ МОНЕТАНЫҢ БЕЙНЕСІ:

– мельхиор қоспасынан (МН 25) дайындалған монетаның массасы – 15 грамм, диаметрі – 33 мм, сапасы – brilliant uncirculated, номиналы – 200 теңгелік, таралымы – 5000 (бес мың) дана.

МЕЛЬХИОРДАН ДАЙЫНДАЛҒАН МОНЕТАНЫҢ БЕЙНЕСІ

Коллекциялық монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өздерінің белгіленген құнына сай төлемнің барлық түрі бойынша қабылдануға, сондай-ақ елдің барлық банкінде банк шоттарына есепке алынуға, аударуға, ұсақталуға және айырбасталуға жатады.

Коллекциялық монеталар Қазақстан Теңге сарайында дайындалды. Пайдаланушы үшін «Қазақстан монеталары» мобильді қосымшасы да жұмыс істейтінін еске сала кетейік. Онда монеталарға қысқаша сипаттама беріліп, сериялар бойынша тақырыптық бөлімдерге бөлінген. Яғни ҚҰБ шығаратын монеталар туралы ақпарат толықтай қамтылған. Жекелеген монеталар бойынша бейнероликтерге, монеталардың 3D-суреттеріне, сондай-ақ толықтырылған шынайылық элементтеріне сілтеме берілген. Мобильді қосымшаны PlayMarket пен AppStore дүкендерінен жүктеп алуға болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті көрсететін мемлекеттік қызметтер

Құқықтық статистика органы мемлекеттік қызметтің 4 түрін көрсетеді:

- 1) «соттылығының болуы не болмауы туралы анықтама беру»;
- 2) «прокуратура, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою»;
- 3) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитеті мен оның аумақтық органдарының мұрағаттары шегінде мұрағаттық анықтамалар және / немесе мұрағаттық құжаттардың көшірмелерін беру»;
- 4) «адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер беру».

«Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» онлайн-режимде көрсетіледі, оған «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы тапсырыс беруге болады www.egov.kz ұялы байланыстың абоненттік құрылғысын, яғни порталдың мобильді нұсқасын үйден шықпай, тек электрондық-цифрлық қолтаңбасы бар, яғни «Мемлекеттік корпорация «КЕАҚ-на бармай-ақ Үкімет азаматтар үшін» немесе бір реттік SMS пароль сервисі, «EgovKzBot» арқылы Telegram мессенджері арқылы қол жеткізуге болады.

Анықтама электрондық құжат нысанында 2003 жылғы 7 қаңтардағы «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 1-тармағына сәйкес ресімделеді.

Egov.kz порталында «бір өтініш» қағидаты бойынша шетелге шығу үшін апостиль қойылған қағаз түрінде соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама алуға өтініш беруге болады, дайын құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтамалар Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 79, 89-баптарының тәртібімен сотталғандығын өтеу ескеріле отырып беріледі. Яғни қылмыстық қудалау органымен тоқатылған немесе соттылығы өздеріне қатысты өтелген немесе алынып тасталған азаматтар «соттылығы жоқ» деген жазбамен анықтама алады.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылмаған, қағаз нысанда мемлекеттік корпорация арқылы 5 жұмыс күніне дейін көрсетіледі.

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің мұрағаттары шегінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжаттардың көшірмелерін беру бір реттік SMS пароль сервисі арқылы жүзеге асырылады. Қызмет 10 күнтізбелік күнге дейінгі мерзімде көрсетіледі. Оны алу үшін Мемлекеттік корпорацияға немесе «электрондық үкімет» www.egov.kz веб-порталы арқылы өтініш беру жеткілікті.

Көрсетілетін қызметті алушы не сенімхат бойынша оның өкілі жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі жеке басын куәландыратын құжаты, сондай-ақ туыстарына ақпарат алған кезде туыстық дәрежесін растайтын тиісті құжаттары, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны қағаз түрінде болуы қажет.

Тұлғаның сыбайлас жемқорлық жасағаны туралы мәліметтер беру қылмыстар: «электрондық үкімет» www.egov.kz веб-порталы арқылы жүзеге асырылады азаматтарға / жұмысқа орналасу және жұмыспен қамту / жұмысқа орналасу және жұмыс іздеу бөлімінде. Қызметті орындау мерзімі – 10 (он) минут, қосымша тексеру жағдайында – 5 (бес) жұмыс күні.

Барлық мемлекеттік қызметтер тегін болып табылады, апостиль қоюдан басқа оны көрсеткені үшін 0,5 АЕК мөлшерінде мемлекеттік баж алынады.

Г.Б.ЕЛЮБАЕВА,

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитеті Алматы қаласы бойынша Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру бөлімінің аға прокуроры.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША

ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 707 862 30 08,
8 777078 53 48

(Татьяна Титова, Логистика және өндіріс бөлімі) телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:

«Alatau Aqparat» ЖШС.

Е-mail:

alatauaqparat@gmail.com

Мекенжайымыз:

Индекс: 050022.

Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 10 260 дана (жұма)

Кезекші редактор – Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

СҮМБІЛЕДЕ СОРПА МАЙЛЫ,
МАЛ ҚОҢДЫ...

Қазекең тамыз айын сүмбіле деп те атаған

Сүмбіле жұлдыз – қоңыр күздің нышаны. Пайым бойынша, алдымен Сүмбіле айы табиғат сахнасына шығады. Содан кейін барып араға уақыт салып Сүмбіле жұлдызы туады. Бұл қазақ тіліне парсы тілінен ауысқан сөз. Қазақ арасында бұл жұлдызды суық жұлдыз деп те атайды.

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Шортанбай жыраудың табиғат пен өмірді салыстырған жырында:

«Сүмбіле туып, күз болмай,
Көкорай шалғын оңар ма?
Кәрілік келсе қайтадан,
Жасарып адам толар ма?» – деген жолдар бар. Осы амалға қатысты айтылса керек.

Әзербайжан, түркімен және түріктер тамызды таммуз деп атаған. Қазекең сарша, тамыз, сарша-тамыз, кейде сүмбіле деген. Міне, осы аптаның аяғында сол сүмбіле айы басталады. Қазақ, қырғыз, өзбек, түркімен, тәжік, парсы, пуштун (Ауғанстан) күнтізбелерінде Сүмбіле жұлдызы 31 күндік зодиак айы

саналады. Ол тамыздың соңы, қыркүйектің басы аралығына Қазақстанның түнгі аспанында пайда болады. Ол Қиыс Оңтүстік (шығыс оңтүстік) аспанынан қыс бойы сәулесін шашып тұрады.

Сүмбіле туса, жаз аяқталып, мал семіреді. Сүмбіледе сорпа майлы, мал қонды болады. Сүмбіле – бұл жұлдыз. Қазақ халқы Сүмбіле жұлдызы туа бастағаннан қысқа қамданып, отын-суын дайындауға кіріседі. Халық танымында жарқырап, көкжиекке ең жақын тұратын жасылдау жұлдыз Сүмбіле деп аталады. Сүмбіле екеу: Лаксүмбіле (Кішісүмбіле) және Текесүмбіле (Үлкенсүмбіле). Айтушылардың түсіндіруінше, екеуінің туу арасы 10–15 күн. Алдымен Лаксүмбіле туады. Өзі – жылтылдаған, кішірек ақ жұлдыз. Ал Текесүмбіле үлкен. Ол

кейінірек туады. Жұлдыздардың бұлай аталуының себебі мынада: жазғытұры туылған лақ, күз айында қашады, буазданады, жыл аяғында екеу болады. Малдың ерекшелігінде болатын осы белгілерді негізге ала отырып, күз айында туатын кіші жұлдыздың атын Лаксүмбіле деп қоюды ұйғарған малшы қауым «түнде лақ бақырып шықты, Лаксүмбіле туды ғой деймін» деп айтатын болған. Лаксүмбіле жұлдызының тууына қарсы малшылар қозы-лаққа күйек байлай бастайды. Сүмбіленің тууы мен жерге түсуі ерекше белгі деп саналады. Мысалы, түйе бағытын малшылар Сүмбіле тумай, тау етегіне түспейді. Себебі, түйе жылы су ішсе қараөкпе ауруына шалдығады, ал Сүмбіле туса, су салқындайды, ол кезде мал өкпе ауруына ұрынбайды. Сүмбіле туған кезде тау етегі салқын тарта бастайды. Осы табиғаттың құбылысын жұлдыз арқылы бақылап отыратын халық өз қамына қарай көше бастайтын болған. Оны мынадай халық қағидаларынан аңғаруға болады: Сүмбіле туса су суыйды, кей өңірлерде бидайды



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Табиғат құбылыстарына қарап жасалған жорамал:

- * Күн кенет ысып кетсе, ұзамай жсауын жсауады.
- * Құйын көп болса, қыс барынша аязды болады.
- * Аңызак ыстық – қыстағы қатты аязды білдіреді.
- * Бұлт желге қарсы көшсе, жаңбыр жауады.
- * Ауа ыстық болса – келер желтоқсан суық болады.
- * Қымыздық бітік шықса – қыс жұмсақ болады.
- * Ариша гүлдегенде шілде аяқталып, тамыз туады.

үсік шалады. Бұған қоса, Сүмбіле туғанда болатын ерекшеліктердің бірі – малдың семіруі. Жаз бойы жайылымда көк шөпке қарық болған төрт түлік күн салқындай бастағанда түлеп, бойына қуат ала бастайды. Әсіресе, жылқы малы ерекше қуаттанып, семіретін мезгілі – осы Сүмбіле туар шақ.

Осыған орай халық арасындағы «Сүмбіле туар жылтып, ат семіретін» деген мақал-қағида қалыптасқан.

Алдағы аптада ауа райы тұрақсыз қалпын сақтайтын сыңайлы. Енді қалай дегенде де алда болатын амалдардың көбісі суық болып келеді.

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС

«ЖАЗ ҚЫЗЫҒЫ – КӨҢІЛДІ ДЕМАЛЫС»
мағыналы әрі мазмұнды өтіп жатыр

Міне, мектеп оқушылары өздері ерекше ықыласпен күтетін жазғы демалыс та нағыз ортасына келді. Балалар үшін демалыс мағыналы әрі мазмұнды өтіп жатыр. Өйткені, жас ағза үшін жазғы демалыстың орны ерекше. Жыл бойы білім нәрімен сусындаған жас өскін жазғы демалыста сол жұмсаған күшінің орнын толтырып, ағзаны сауықтыру қажет. Жалпы, жазғы демалыстың жас ағза үшін ерекшелігі де жоқ емес.

Рая
ЕСКЕНДІР

Дәл осы кезде баланың бойы өсіп, ойы толысады. Қысқасы, жазғы демалыс – мектеп оқушыларының жалпы физиологиялық, сана-сезімінің, дүниетанымының дамып, жетілу кезеңі. Сондықтан жазғы демалыс кезін бала үшін денсаулығын нығайтуға қолайлы кез деп қарастырылып, оған барынша жағдай жасау қажет. Бұл ретте ата-аналар жазғы демалыста баласы-

на көбірек уақыт бөліп, теледидар мен компьютердің алдында уақыт өткізбеу үшін жазғы сауықтыру мекемелеріне жіберуге күш салып жатыр.

Жаз басталысымен Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы еліміздің аймақтарында «Жаз қызығы – көңілді демалыс» тақырыбында 6 мыңнан астам іс-шара өткенін айтады. Аталмыш іс-шаралар қалалық флешмобтардан бастап, шығармашылық байқаулар, спорттық жарыстарды қамтып отыр. Бұл шараларға еліміздің әр өңірінен барлығы



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

270 мыңнан астам оқушы қатысты. Оқушылар педагогтармен және ата-аналарымен бірге шеберлік сағаттарына, мәдени бағдарламаларға қатысты. Сондай-ақ, ұлттық салт-дәстүрлер мен жаңа технологияларды үйреніп, жазғы уақыттарын пайдалы әрі қызықты өткізіп жатыр. Еліміздегі 920-дан астам қосымша білім беру ұйымдарында жаяу серуендеу, экскурсиялар жасаса, 30 мың кішкентай саяхатшы еліміздің табиғаты мен тарихи мұрасын зерттеді. Еріктілер бригадалары да белсене жұмыс жасап жатыр. Мәселен, 7 мың бала қарт адамдарға, кішкентай балаларға көмек көрсетсе, экологиялық акцияларға, аумақтарды тазалауға, түрлі қайырымдылық шараларға қатысты. Сонымен қатар, челленджер мен акцияларға 25 мыңнан

астам қатысушы қолдау білдірді. Жаз маусымында балалар шығармашылық байқауларға да белсенділікпен қатысып жатыр. Бұл ретте 34 мың бала сурет, колөнер, музыка, би және актерлік өнерде өз таланттарын танытса, танымал тұлғалармен кездесулер және спорттық жарыстарға 86 мыңнан астам бала қатысты. Бұған қоса, пікірсайыста 6,5 мың бала өз идеяларын жариялап, басқалардың көзқарасын құрметтеуді үйренді. Түрлі тақырыптардағы флешмобтарға 50 мыңнан астам бала қатысып, жарқын мерекелік іс-шаралар сыйлады. Еліміздегі қосымша білім беру ұйымдарында балалардың шығармашылық жетілуіне, жеке дамуына бағытталған «Жаз қызығы – көңілді демалыс» жазғы маусымы әлі де жалғасып жатыр.